



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# СОТ САЛАСЫНЫҢ САҢЛАҚТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Наурыз мейрамы қарсаңында Қазақстандағы сот жүйесінің абыройлы өкілдері – білікті заңгерлер мен әділдіктің айнымас тіректері Жоғарғы Соттың алқа төрағасы Назғұл Рахметуллина, Жоғарғы Сот судьясы Ирина Калашникова, Алматы қалалық сотының алқа төрағасы Нарман Бекназаров, Астана қалалық сотының судьясы Айдос Жақсыбаев және Сот әкімшілігі Цифрландыру бөлімінің меңгерушісі Нұржан Молдақов Мемлекет басшысының жоғары марапаты – «Құрмет» орденін иеленді.


(Жалғасы 3-бетте)



3-БЕТ  
Алимент: шетелдегі борышкерлерге де шектеу қойылады



6-БЕТ  
Қатердің алдын алу өзекті



8-БЕТ  
Көлеңке

## КӨКЕЙКЕСТІ

Алматыда құстай ұшқан электрокөліктің тізгініне ие бола алмай қалған жүргізушінің кесірінен үш адам көз жұмды. Zeekr-дің табанында тапталған үш тағдырдың да көрер қуанышы алда еді. 20-22 жас аралығындағы жастардың мезгілсіз көз жұмуына себепкер болған жүргізуші дін-аман. Полиция оның үстінен Қылмыстық кодекстің 345-бабы 4-бөлігі бойынша іс қозғап отыр. Яғни, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан іс-әрекеті үшін Zeekr жүргізушісі белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан жеті жылға дейінгі мерзімге айырыла отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалануы мүмкін.

## ТЕМІР ТҰЛПАРЛЫ «ТЕНТЕКТЕРГЕ» ТҮЙІМ ЖОҚ ПА?

Бұл оқиға қазір көпшілік арасында қызу талқыланып жатыр. Халықты ашындырып отырған жол көлік апаты ғана емес. Көпшіліктің қытығына тигені – қалталы азаматтардың ережеге бағынбайтыны. Әсіресе, Алматының күні бойы кептелістен көз ашпайтын даңғылдары түн болса жылдамдық сүйетін жүргізушілердің жарыс жолағына айналып шыға келеді. Жол ережесіне шектен қарайтындар түн болса көліктерінің нөмірін алып тастап, межелі сызққа бірінші жетуге барын салады. Жарысқа түскендер өзін жолдың «қоролі» санайды. Алдынан кездескен көліктер мен жүргізушілер олар үшін бар болғаны кезекті «кедергі» ғана. Үлкен жолдың айналасында тұратындар мұндай жарыстарды көзбен көрмесе де, кикүлаған дауысты, дөңгелектің қинала шықса дауысын күнде естиді. Бірақ, неге екенін осы жарысты да, дауысты да құзырлы орындар естімейтін, көрмейтін сияқты. «Қатты түшкірсең» байқап қоятын «Сергектер» де түнгі жарыстарды түсірмей ме, түсінбейсің... Осындай келеңсіздіктер салдарынан жол көлік апаты, одан зардап шегетіндер де көп.

Мәселен, 2025 жылдың алғашқы 11 айында Қазақстанда 32 477 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,8%-ға көп. Осы апаттар салдарынан 46 300-

ден астам адам жарақат алып, оның 2100-ден астамы мезгілсіз көз жұмған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметінше 2023 жылдың қаңтарынан қарашасына дейін 13 200 апат болса, 2025 жылы бұл сан 32 400-ге дейін өскен. Жарақат алғандар саны екі жылда 2,7 есеге көбейсе, қаза тапқандар саны 9,7%-ға азайған. Осының өзі жол қауіпсіздігін сақтауға қатысты шараларды әлі де бақылауда ұстау қажеттігін ұқтырады. Сонымен бірге, абайсызда адам өліміне әкелген жол апаттары үшін жүргізушілер жауаптылығын қайта қараған жөн. Бейбіт күнде тұрғындар темір тұлпарлы тентектердің әрекетінен зардап шекпеуі керек.

Депутат Мұрат Әбенев осы шулы оқиғадан кейін мегаполисте тәртіп жоқтығын, құқық қорғаушылардың тек қарапайым халыққа ғана айбат көрсетіп, қалталы, ықпалды тұлғалардың заңсыз әрекетіне көз жұма қарайтынын қатаң айыптады. «Бүтін қаланы дүр сілкіндірген сұмдық трагедия орын алды. Халық кінәлі адам жазадан құтылып кете ме деп қауіптенуде. Қолын қанға малған жүргізуші әлі күнге дейін СИЗО-ға қамалған жоқ. Ауруханада жатыр дейді. Онда не болып жатқанын кім білсін?! Қанынан арақ-шарапты шығартып, жа-

уапкершіліктен жалтарудың амалын іздеп жатқан шығар. Алматы полициясы тек қарапайым азаматтарға ғана күші жетеді», – деп ашынды депутат тікелей эфирде.

Депутаттың пікірінше, әл-Фараби даңғылындағы түнгі форсаждан бүкіл полиция хабардар болса да, ешқандай әрекет жасамай отыр екен. Шын мәнінде бұл – ауыр айыптау. Егер иегінің астында осындай заңсыз жарыстардың болып жатқанын біліп, көріп тұрып, ешқандай әрекет жасамаса, бұл Алматы полициясы үшін ғана емес, жалпы Ішкі істер министрлігі үшін үлкен сын. Нөмірсіз көліктерге, шамадан тыс жылдамдықты арттырған жүргізушілерге көз жұма қараудың артында коррупцияға қатысты күдіктің де көбейетіні талассыз. Алайда, қоғам дүрлігіп, көпшілік жанайқайын жеткізіп жатқанда полиция неге екенін үнсіз. Қарапайым халықты былай қойғанда, Парламент депутатының сынына жауап беріп, қандай қадамдар жасалып жатқанын түсіндіруі тиіс Ішкі істер министрі Ержан Саменов те, Алматы қаласы Полиция департаментінің бастығы Айдын Қабдұлдинов те әлі күнге тіл қатып, айыпты өздерінен алыстатуға асығар емес.

Түймеғұл ИБАСHEBA,  
«Заң газеті»

## БАҒДАР

# ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР НАҚТЫ ПАЙДА ӘКЕЛУІ КЕРЕК

Білім мен ғылымды меңгеруге деген қызығушылық жыл Бәткен сайын артып келе жатыр. Мәселен, бүгінгі күні Қазақстанда 420-дан астам ғылыми-зерттеу ұйымы жұмыс істеп келеді. Осы ғылыми ортада 27 мыңнан аса ғалым мен ғылыми қызметкер еңбек етіп жүр. Соның ішінде отандық ғалымдардың жартысына жуығы 40 жасқа толмаған. Яғни, ғылыми ізденіс жасап жүргендердің басым бөлігін жастар құрап отыр. Мұның өзі ел дамуында іргелі өзгерістер боларына сендіре түседі. Соған орай білім мен ғылым саласына бөлінетін мемлекеттік қаржының көлемі де өскен. Айталық жыл сайын ғылымға 200 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінуде. Бұл – шын мәнінде өте қомақты ақша. Алайда осы қаржының қайтарымын халық өлі көре алып отырған жоқ.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жиналған ғылыми қауым өкілдерімен кездесіп, отандық білім беру мен ғылыми даму саласындағы өзекті мәселелерді ортаға салды. Осы кездесуде айтылып, талқыға түскен мәселелер білім ордалары мен ғалымдар арасында сарапталып, Президент тапсырмасын тиімді орындаудың тетіктері қарастырылуда. Жалпы, алқалы жиында көпшілікті алаңдатқан түйткілдердің бастылары мыналар:

Біріншіден, жоғары оқу орындары қоғамдағы қажеттіліктерді ескере отырып маман дайындауға мән беруі керек. Қандай мамандар жетіспейтінін бағамдап, түлектерге білім бағдарламасын әзірлегенде неге басымдық беру қажеттігін зерделеу жағы кемшін болып жатыр. Осының салдарынан дипломды жұмыссыздар көбейеді.

Екіншіден, білім мен ғылымды қаржыландыру ісіне қатаң тәртіп керек. Бөлінген қаражатты басымдықтарға қарай жұмсаған жөн. Әсіресе кез келген мамандық иесін жаңа технология, цифрлық жаңашылдықтарды меңгертуге мән берген абзал. Мәселен, мемлекет соңғы алты жылда ғылымға бағытталған қаржыны бірнеше есе ұлғайтты. Алайда ғылымды қаржыландырудың нақты нәтижесін әзірге ел көре алып отырған жоқ.

Үшіншіден, білім мен ғылым саласы жең ұшынан жалғасатын жемқорлықтан, сыбайластықтан биік тұрғаны дұрыс. Ғылым – тазалық, айна. Оның табиғаты сыбайлас жемқорлық ұғымымен еш қабыспайды. Осыны шәкірт қабылдағанда, озық студенттерді іріктегенде, ғылымға қызығатындарды таңдағанда ескерген жөн.

(Жалғасы 2-бетте)

БАҒДАР

## ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР НАҚТЫ ПАЙДА ӘКЕЛУІ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Төртіншіден, отандық ғылымның өндірісті ескере отырып дамығаны маңызды. Ғылым өндірісті ілгерілетудің құралына айналғанда ғана халық оның пайдасын көреді. Өкінішке орай, жыл сайын елімізде қаншама ғалым ғылыми жаңалығын қорғап жатыр, ғылыми бірлестіктердің бас-тамасымен қаншама жобалар жүзеге асуда, бірақ солардың бәрі бірдей өндіріске пайдаланылып жатқан жоқ. Ал тәжірибе жүзінде өзін ақтамаған, өндірістің қажетіне жарамаған ғылыми ізденістің құны төмен.

Қазақ Ұлттық университетінде ғылыми орта өкілдерін жинаған Мемлекет басшысы бұл мәселелерді жедел, сапалы шешудің кезек күттірмейтінін атап өтті. «Ғылым бар сияқты, бірақ оның нақты пайдасын көрмей отырмыз. Маған үш мыңнан астам қолданбалы ғылыми жобаның тек 193-і ғана коммерцияландыруға

лайық деп танылғаны, ал нарыққа бар-жоғы 29 жоба шыққаны баяндалды. Өкінішке қарай, индустрияға әсері, қайтарымы өте аз. Жұмысында олқылықтарға жол берген Ғылым қоры мемлекет қаржысын қайтармағаны өз алдына, тіпті, құқық қорғау органдарына да шағымданбаған. Әлбетте қазақ ғылымының дамуында сәтті мысалдар баршылық. Ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды. Бірақ шынайы табысқа жеткіміз келсе, сәтсіздіктерден сабақ алуымыз керек», – деді Президент.

Осы жиында талқыға салынған әрбір мәселе айтылған жерінде қалмауы керек. Мемлекет басшысы бағдар еткен Цифрлық елге айналуың кілті – білімді ұрпақтың қолында. Білімі мен ғылымы дамыған мемлекеттің бағындырар биігі көп.

**Сабыржан ЖАПАҚОВ,**  
эл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

КЕСЕЛ

## ЖЕМҚОРЛЫҚ ЗАҢҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІ ӘЛСІРЕТЕДІ

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық мәселесі елөміздің көптеген келерінде өзекті болып отыр. Бұл індет біздің қоғамымызды да айналап өткен жоқ. Елін сүйетін әрбір азамат бұл мәселеге бей-жай қарамауы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық – бұл тек заң бұзушылық емес, ол қоғамның моральдық құндылықтарына нұқсан келтіретін, мемлекет пен халық арасындағы сенімге сызат түсіретін қауіпті құбылыс. Ол экономиканың дамуын тежейді, инвестициялық тартымдылықты төмендетеді және ең бастысы – азаматтардың әділдікке деген сенімін жоғалтады. Әсіресе сот жүйесіндегі адалдық мәселесі аса маңызды. Себебі сот – азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың негізгі кепілі. Егер сот әділ болмаса, қоғамда заңға деген құрмет әлсірейді. Сондықтан сот қызметкерлеріне қойылатын талап жоғары: біз әрқашан заңды басшылыққа алып, кез келген қысымға немесе заңсыз ықпалға қарсы тұра білуіміз керек.



Бүгінде мемлекет тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ерекше көңіл бөлінуде. Құқықтық реформалар жүргізіліп, цифрландыру үдерісі енгізіліп жатыр. Бұл – адами факторды азайтып, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етудің тиімді жолы. Электронды сот жүйелері, онлайн қызметтер – осының айқын дәлелі. Сонымен қатар, жемқорлықпен күресте алдын алу шараларының маңызы зор. Мектептен бастап адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтарды дәріптеу қажет. Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру – жемқорлықсыз қоғам құрудың негізі.

Әрбір азамат өз әрекеті үшін жауапты екенін ұмытпауы керек. Пара беру де, пара алу да – заң алдында бірдей қылмыс. Сондықтан қандай жағдай болмасын заңды жолмен әрекет ету – әрқайсысымыздың міндетіміз.

Сот қызметкері ретінде мен қоғамды әділдік қағидаттарын сақтауға, заң талаптарын құрметтеуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді күресуге шақырамын. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана біз әділ, ашық және дамыған қоғам құра аламыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бұл бір күндік науқан емес, бұл – үздіксіз жүретін үдеріс. Сондықтан әрқайсысымыз адалдық танытып, қоғамның тазалығы үшін үлес қосуды қажет. Әділ сот – әділетті қоғамның кепілі екенін әрдайым есте ұстайық.

**Жанаргуль КИЯРОВА,**  
Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

## ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ ӘДІЛДІК ПЕН СЕНІМ БАР

Әрбір елдің өркениет деңгейі азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетіне тікелей байланысты. Заң мен тәртіпке құрмет – бұл тек мемлекеттік міндет емес, азаматтардың ішкі жауапкершілігі мен моральдық ұстанымының көрінісі. Әділетті қоғам құру үшін адамдардың құқықтық мәдениеті жоғары, азаматтық санасы биік болуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда «Заң және тәртіп» ұғымдары қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділіктің, сенім мен әділеттіліктің негізін қалайды.

Құқықтық мәдениет – адамның қоғам алдындағы мінез-құлқын, тәртібін, шешім қабылдау қабілетін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Заңға бағыну тек қорқыныштан емес, ішкі сенім мен

саналы түсініктен туындауы керек. Азамат өз құқығы мен міндетін білсе, ол өзге адамдардың да құқығын құрметтейді. Бұл өзара сыйластық пен сенім қалыптастыратын басты құндылық.

Құқықтық мәдениеттің дамуы ең алдымен отбасы мен білім беру жүйесінен басталады. Баланың бойында кішкентайынан адалдық, әділдік, жауапкершілік сезімін қалыптастыру – болашақта құқықтық санасы жоғары азамат тәрбиелеудің негізі. Мектеп пен жоғары оқу орындарында құқықтық тәрбие беруді күшейту, азаматтық құндылықтарды насихаттау, патриоттық сана мен заңға құрмет сезімін ояту – мемлекет дамуының стратегиялық басым бағыттарының бірі. Себебі заңды білетін, өз әрекетіне жауап бере алатын азамат – тұрақты қоғамның тірегі.

Қоғамдық санада «тәртіп» ұғымы тек жазалау немесе шектеу түсінігімен емес, үйлесімді өмірдің шарты ретінде қабылданып отыр. Тәртіп бар жерде әділдік пен сенім орнайды, сенім бар жерде бірлік пен даму болады. Заң мен тәртіп бұзушылыққа қарсы мәдени иммунитет қалыптастыру – бұл ұзақ мерзімді, кешенді процесс. Онда құқық қорғау органдарының қызметі, білім мен тәрбие жүйесінің сапасы ақпараттық саясат пен БАҚ-тың рөлі ерекше маңызды.

**Т.АЛДАБЕРГЕНОВ,**  
Жезқазған қаласы  
мамандандырылған тергеу соты  
әкімшісінің басшысы

МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекет алдындағы жоғары жауапкершілікті талап ететін қызмет саласы. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында заң талаптарын сақтауы, жоғары әдеп мәдениетін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарды берік ұстануы – мемлекеттік басқару жүйесіне деген қоғамдық сенімді нығайтудың маңызды шарты болып табылады.

терді айқындайды. Аталған заңға сәйкес мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын алдын алуға, мүдделер қатығысына жол бермеуге, қызметтік өкілеттіктерін жеке пайдасына пайдаланбауға

## ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ



**Әбілсейіт ТҮЛКІЕВ,**  
ҚР Сот әкімшілігінің  
Жамбыл облысы бойынша  
департаменті басшысының  
орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі мемлекеттік

қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қоғаммен қарым-қатынастағы, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі және ұжымдағы мінез-құлық қағидаларын белгілейді.

Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілер өз міндеттерін адал әрі сапалы орындауға, заңдылық қағидатын сақтауға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге, сондай-ақ қызметтік әдеп талаптарын мүлтіксіз ұстануға міндетті. Мемлекеттік қызметші өз қызметінде ашықтық, әділдік, сыпайылық және жауапкершілік қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау ерекше маңызға ие. Осы бағытта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы мемлекеттік қызметшілердің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға бағытталған негізгі құқықтық тетік-

және заңмен белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мемлекеттік қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттырумен тығыз байланысты. Әрбір мемлекеттік қызметші заң талаптарын сақтай отырып, адалдық, парасаттылық және әділдік қағидаттарын ұстануы қажет. Бұл өз кезегінде, мемлекеттік аппараттың тиімділігі мен ашықтығын арттыруға ықпал етеді.

Жалпы, мемлекеттік қызметші үшін адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын сақтау – тек кәсіби міндет қана емес, сонымен қатар қоғам алдындағы азаматтық борыш болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі нормаларын және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның талаптарын мүлтіксіз сақтауы – мемлекеттік қызметтің беделін арттырудың, қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтудың және елімізде заң үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды факторы екенін айтқым келеді.

БІТІМ

## МЕДИАЦИЯНЫҢ МҮМКІНДІГІ КЕҢ

«Медиация туралы» заң 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданып, тамыздан бастап қолданысқа енгізілгені белгілі. Өркениетті елдерде ең жиі қолданылатын, ең тиімді, ең қажет заңның біріне айналған бұл құжаттың Қазақстанда да өз тұғырынан түспей келе жатқанына 15 жыл толып отыр.

Он бес ішінде «Медиация туралы» заңның көмегімен татуласқан тараптар көп. Осы жылдар ішінде қаншама кәсіби медиаторлар шоғыры жинақталып, ел ішінде көптеген кәсіби емес медиаторлар ағайынның арасындағы сыйластықты сақтауға үлес қосты. Медиация заңының арқасында бітімге келген азаматтар баж салығын төлеуден құтылып, уақыты мен қаржысын үнемдеуге мүмкіндік алды.

Заңның тиімді тұстары баршылық. Бұл құжат медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге бастамашылық жасап, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін белгілейді. Сондай-ақ еліміздегі медиатордың мәртебесін айқындайды.

Медиацияның шын мәнінде мүмкіндігі кең. Ол азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар барысында қолданылады. Дегенмен, медиация қолданылмайтын істер шегі де айқындалған. Мәселен, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

Бұл заңның негізгі мақсаты мен міндеті айқын. Ол тараптардың жанжалдасу деңгейін төмендетуді көздейді. Сонымен бірге тараптарға дауды медиация арқылы реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етіп, келіспеушілікті қос тарапты да қанағаттандыратындай нұсқада түйіндеуге жәрдемдеседі.

Медиацияны халыққа жақын ететін де, көпшіліктің көңілінен шығаратын да бес негізгі артықшылығын атауға болады. Олар еріктілік, медиация тараптарының тең құқылығы; медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы; медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялылық.



Тараптар дауды бейбіт келісіммен бітіруге ерікті түрде қатысқандықтан сот әуресінен құтылады. Қаржысы мен уақыты үнемдейді. Ең бастысы, келісім ерікті түрде жасалғандықтан, екі тарап та онда келісілген шарттар мен талаптарды созбалаңға салмай, дер кезінде орындайды.

«Медиация туралы» заң қолданысқа енгізілген алғашқы жылдары бұл заңның мақсаты мен міндеті тұрмақ, құжаттың атауының өзі азаматтарға түсініксіз болды. Алайда, сот судьялары мен қызметкерлерінің ақпараттық, насихат жұмыстарын жүйелі түрде қолға алып, белсенді жүргізілінін арқасында медиация халықтың игілігіне қызмет етіп келеді. Сонымен бірге, қазіргі кезде медиатор болуға қызығатындар да аз емес. Алғашқы жылдармен салыстырғанда медиаторлардың сан жағынан да, білімі мен біліктілік тұрғысынан да айтарлықтай өскенін байқауға болады.

**Индира КУМЫСБАЕВА,**  
Түркісіб аудандық соты әкімшісінің басшысы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# СОТ САЛАСЫНЫҢ САҢЛАҚТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл қуанышты сәт – білікті тұлғалардың ұзақ жылдар бойы ел игілігі жолында атқарған адал еңбектері, жоғары кәсібилік пен мол тәжірибелерінің заңды жемісі. Сот саласының белді өкілдерінің әрқайсысы құқық үстемдігін қамтамасыз ету жолында табандылық танытып, әділдік қағидаттарын берік ұстанып, қоғам сеніміне ие болып келе жатқан абыройлы тұлғалар.

Осы мәртебелі марапат – әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз етудегі сот билігінің айрықша рөлін терең пайымдай отырып берілген әділ баға. Түпкілікті шешімнің сот құзырында екендігін айқын ескеріп, сот жүйесі өкілдерінің еңбегіне жоғары құрмет көрсету – ел Президентінің құқықтық мемлекет қағидаттарына деген берік ұстанымының көрінісі. Осы ретте, ел дамуы мен заң үстемдігін нығайту жолындағы бастамаларға серпін беріп отырған Мемлекет басшысына заңгерлер алғысы шексіз.

Сот билігі – мемлекеттіліктің мызғымас тірегі, ал оны жүзеге асыратын сот корпусындағы беделді тұлғалар – қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттіліктің кепілі. Олардың әрбір қабылдаған шешімдері заң талаптарымен қатар ар-ождан, парасат пен әділдік қағидаттарын басшылыққа алады, бұл – нағыз судьяға тән биік қасиет. Осы ұстанымдары арқылы судьялар құқық үстемдігі

дерінің еңбегіне жоғары құрмет көрсету – ел Президентінің құқықтық мемлекет қағидаттарына деген берік ұстанымының көрінісі. Осы ретте, ел дамуы мен заң үстемдігін нығайту жолындағы бастамаларға серпін беріп отырған Мемлекет басшысына заңгерлер алғысы шексіз.

қағидаттарын нығайтып қана қоймай, халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыруда ерекше рөл атқарып келеді.

Білікті де тәжірибелі бұл тұлғалардың саналы ғұмырлары мен мінсіз қызмет жолдары – кейінгі буын үшін тағалымды өнеге. Кәсіби шеберліктері, бай тәжірибелері мен парасатты ұстанымдары жас заңгерлердің қалыптасуына, сот жүйесінің одан әрі дамуына зор ықпал етуде. Сонымен қатар, сот саласын жаңғырту мен цифрландыру бағытындағы еңбектері – заман талабына сай жасалған маңызды қадамдардың бірі.

Олардың бүкіл саналы ғұмырларын сот төрелігіне арнап, әрдайым ақ пен қараны әділ таразылап, ел мүддесіне адал қызмет етіп келе жатқан судьялық жолдары – терең білімнің, бай тәжірибенің және жоғары кәсіби мәдениеттің жарқын үлгісі.

Марапат иелерін ҚР Судьялар одағы да шын көңілден құттықтап, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, сарқылмас күш-қуат, рухани тыныштық және отбасыларына амандық пен бақ-береке тілейді. Әрдайым абырой биігінен көрініп, ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз еселене берсін!

Сіздердің өмірлік ұстанымдарыңыз бен кәсіби қызметтеріңіз Қазақстанның сот жүйесінде әрдайым үлгі болып қала беретініне сенімім мол. Жинақтаған бай тәжірибелеріңіз бен даналықтарыңыз құқық саласының дамуына, әділ қоғам қалыптастыру ісіне әлі де сүбелі үлес қоса беретіні сөзсіз.

Д. ӘМІР,  
ҚР Судьялар одағының  
төрағасы

## МІНБЕР

# АЛИМЕНТ: ШЕТЕЛДЕГІ БОРЫШКЕРЛЕРГЕ ДЕ ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ

Сенат балалардың мүддесін қорғауға арналған екі құжатты мақұлдады. Алғашқы мақұлдаған құжат – «1993 жылы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңы.

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті бұл өзгерістің мақсатын, 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның ережелерін кәсіптік емес балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын тану мен орындауды айқындайтын мәселелерді реттеу арқылы жетілдіруге бағытталған, – дейді. Оның ішінде:

- Конвенция ережелерін сот шешімдерімен қатар сот бұйрықтарына да тарауды көздейтін түзетулер енгізіледі, бұл өз кезегінде алимент міндеттемелері бойынша шешімдердің неғұрлым тиімді орындалуын қамтамасыз ете отырып, балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуге мүмкіндік береді;

- басқа уағдаласушы тараптардың аумағында шығарылған, мәжбүрлеп орындауға жататын шешімдердің тізбесі оған сот бұйрықтары енгізіле отырып кеңейтіледі;

- шешімді мәжбүрлеп орындауға рұқсат беру туралы өтінішхат беру тәртібін белгілейтін Конвенцияның 53-бабы осы тәртіпті сот бұйрықтарына қатысты да қолдануды көздейтін ережелермен толықтырылады;

- сот бұйрығын мәжбүрлеп орындау туралы өтінішхатқа қосымшаға жататын қажетті құжаттардың тізбесі кеңейтіледі;

- аумағында осы процестік құжат шығарылған мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес борышкерге сот бұйрығы (оның рымдары) табыс етілмеген немесе жіберілмеген кезде сот бұйрығын шығаруға байланысты осындай негізді қоса отырып, шешімдерді мәжбүрлеп орындауға рұқсат беруден бас тарту негіздерінің тізбесі кеңейтіледі.

Сенатор Жанна Асанова «отбасы қатынастары мен кәсіптік қатынастар балалардың құқықтарын қорғау саласындағы трансшекаралық жағдайларды реттейтін

халықаралық құқықтық стандарттардың мәні ерекше. Бүгінде балаларға алимент өндіру секілді мәселелер тек ұлттық деңгейде шешілмей, сонымен бірге мемлекеттер арасындағы өзара құқықтық үйлестіруді талап етеді. Осы тұрғыда ұсынылып отырған заңның маңызы зор. Бұл хаттама балалардың құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауды күшейтетін, сот актілерін, оның ішінде сот бұйрықтарын тану және орындау рәсімдерін үйлестіретін маңызды құқықтық құрал» – дейді. Депутаттың айтуынша, «қазіргі уақытта Қазақстанда халықаралық және шетелдік сот актілеріне сүйене отырып атқарылған істер тәжірибесі бұл нормалардың өзектілігін растайды. 2020–2025 жылдар аралығында кәсіптік емес балалар мүддесінде жүргізілген атқару өндірістерінің саны 100-ден астам, жалпы қарыз сомасы 47 млн теңгені құрады. Бұл көрсеткіш трансшекаралық алимент өндірудің күрделілігін және тиімді құқықтық шешімдердің маңыздылығын айқын көрсетіп отыр. Заңды қабылдау хаттаманы ратификациялауға жол ашып, балалардың құқықтарын қорғауды жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді».

Сенаторлардың талқысына түскен екінші құжат «2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң. Бұл заң – кәсіптік емес балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын (сот бұйрығы туралы ұйғарымдарды) уағдаласушы тараптардың аумағында тануға және мәжбүрлеп орындауға жататын сот актілерінің тізбесіне енгізу жолымен Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің аумақтарындағы кәсіптік емес балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

Хаттама кәсіптік емес балаларға алимент өндіріп алу туралы сот



бұйрықтарын тану мен орындауды айқындайтын мәселелерді регламенттеу арқылы 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенцияның ережелерін жетілдіруге бағытталған.

Бұндағы өзгерістерді төмендегі мәселелер құрайды: орындалуға жататын сот актілерінің қатарын азаматтық істер бойынша сот шешімдерімен қатар, кәсіптік емес балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарымен толықтыру ұсынылады. Бұл түзетулер алимент міндеттемелері бойынша шешімдердің неғұрлым тиімді орындалуын қамтамасыз ете отырып балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуге үлкен мүмкіндік береді;

- шешімді тану және орындау туралы өтінішхат беру тәртібін белгілейтін Конвенцияның тиісті бабы сот бұйрықтарына қатысты да қолдануды көздейтін ережелермен толықтырылады;

- борышкерге сот бұйрығы табыс етілмеген немесе жіберілмеген жағдайда сот бұйрығын шығаруға қатысты негізді қоса отырып, шешімдерді танудан және орындаудан бас тарту негіздерінің тізбесі кеңейтіледі.

- хаттаманы ратификациялау Конвенцияға қатысушы мемлекеттер арасындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық тетігін жетілдіруге, сондай-ақ уағдаласушы тараптардың аумақтарында кәсіптік емес балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын тануды және мәжбүрлеп орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

## ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Аршалы көнітінде белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылды. Салтанатты шарда зейнеткерлерді Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов құттықтады.

# БЕЛСЕНДІ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

«Біз аға буын өкілдерінің өмір сапасына ерекше көңіл бөлеміз. Мұндай орталықтар денсаулықты нығайтып қана қоймай, адамдардың белсенді, әрі қоғамдық өмірге араласуына мүмкіндік береді», – деді өңір басшысы.

Орталықтың негізгі мақсаты – егде жастағы азаматтарды әлеуметтендіру, оларды мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге тарту, сондай-ақ олардың физикалық және менталдық денсаулығын нығайту. Осы бағытта орталықта түрлі қызметтер қарастырылған: сауықтыру гимнастикасы, йога, пилатес және тренажер залы сияқты дене шынықтыру сабақтары, шығармашылық және білім беру үйірмелері, музыкалық аспаптарда ойнауды үйрету, цифрлық сауаттылықты арттыру, зияткерлік және үстел ойындары, сондай-ақ қызығушылық клубтары жұмыс істейді.

Сонымен қатар келушілер заңгерлік және медициналық кеңестер ала алады, тақырыптық іс-шаралар мен командалық ойындарға қатысады. Алдағы уақытта бейінді мамандарды тарту арқылы домбыра үйрену және хореография бағыттары да енгізіледі.

Бұған дейін мұндай орталықтар Көкшетау, Степногорск, Қосшы қалаларында, сондай-ақ Зеренді, Целиноград, Жарқайын, Ерейментау, Атбасар және Ақкөл аудандарында ашылған.

А.ТОҚАНОВ  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

## ШІКІР

# ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазіргі заманда қоғамның тұрақты дамуы мен адамдардың қауіпсіз өмір сүруі заң мен тәртіпке тікелей байланысты. Заң – бұл жай ғана қағаз жүзіндегі ережелер жиынтығы емес, ол қоғамдағы әділдік пен тәртіптің негізі болып табылады. Сондықтан заңды құрметтеу – әрбір азаматтың міндеті ғана емес, оның саналы таңдауы болуы керек. Егер қоғамда заң болмаса немесе адамдар оны сақтамаса, онда тәртіпсіздік орын алып, әркім өз білгенімен әрекет етер еді. Мұндай жағдайда адамдардың құқықтары қорғалмайды, әділдік жоғалады.

Мысалы, біреу жол ережесін сақтамаса, ол тек өзін ғана емес, басқа адамдардың өмірін де қауіпке тігеді. Ал егер мұндай жағдайлар жиі қайталанса, қоғамда сенімсіздік пен қорқыныш пайда болады. Заңды құрметтеу – тек құқық қорғау органдарының жұмысы емес, ол әр адамның жеке жауапкершілігі. Әрбір адам өз іс-әрекетіне жауап беріп, заң талаптарын орындауы тиіс. Бұл бәрінен басталады: қоғамдық тәртіпті сақтау, кезекте мәдениетті болу, өзгелердің құқығын бұзбау. Осындай қарапайым әрекеттер қоғамда үлкен өзгерістерге алып келеді.

Біз, жастар, болашақтың негізін қалайтын буынбыз. Сондықтан заң мен тәртіпті құрметтеуді қазірден бастап үйренуіміз қажет. Мектеп қабырғасында алған тәрбие – біздің болашақ өміріміздің негізі. Сабаққа уақытында келу, мектеп ережелерін сақтау, мұғалімдерді құрметтеу – осының бәрі заңға бағынудың алғашқы қадамдары болып табылады. Бұл бізді жауапкершілікке, тәртіпке және әділдікке тәрбиелейді. Сонымен қатар, заң мен

тәртіп қоғамның дамуына үлкен әсер етеді. Заң сақталған жерде адамдар өздерін қауіпсіз сезінеді, бір-біріне сенім артады. Мұндай қоғамда білім, экономика, мәдениет дамиды. Ал заң сақталмаған жерде керісінше, тұрақсыздық пен әділетсіздік орын алады. Тағы бір маңызды мәселе – заңды тек орындау ғана емес, оны құрметтеу. Яғни, адам заңды ішкі сеніммен қабылдауы керек. Бұл қоғамның мәдени деңгейін көрсетеді. Өркениетті елдерде адамдар заңды бақылаудан қорыққандықтан емес, өздерінің азаматтық жауапкершілігін түсінгендіктен сақтайды.

Заңды құрметтеу – әр адамның саналы таңдауы болуы тиіс. Егер әрқайсысымыз өзімізден бастап заңды сақтасақ, қоғамымыз да жақсы жаққа өзгереді. Сондықтан заңды құрметтеу – тек міндет емес, ол – болашаққа жасалған маңызды қадам.

Қасымбек МАРАЛ,  
Ісет Кеңесбаев атындағы  
жалпы орта мектебінің  
7-сынып оқушысы  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

## КІЕ

# ОРТАҚ МІНДЕТ

Қазақ халқы үшін қазақ тілі – ұлттың жаны мен жүрегі. Тіл қарқынды халқымыздың салт-дәстүрі, өдет-ғұрпы, даналығы мен дүниетанымы сақталып келеді.



Бабаларымыздан қалған мақал-мәтелдер, жыр-дастандар мен шешендік сөздер – тілдің байлығы мен көркемдігін дәлелдейді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, мәдениеттің де негізі. Өз ана тілін жақсы білген адам өз халқының тарихын, мәдениетін, ұлт-

тық құндылығын терең түсінеді. Қазіргі заманда тілдің маңызы арта түсті. Ғылым мен технология дамыған сайын, тіл де жаңа сөздермен толығып, дамып отырады. Қазақ тілінің де қолдану аясы кеңеюде. Себебі адамдар тіл арқылы білім алады, ғылым дамиды, әдебиет пен өнер қалыптасады. Сондықтан ана тілімізді ардақтап, оны болашақ ұрпаққа таза күйінде жеткізу – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Е.ЖУСУПОВ,  
Шыңғырлау аудандық  
сотының бас маман –  
сот отырысының хатшысы  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

«ҚАРЫЗ – УАҚЫТША, АБЫРОЙ – МӘҢГІ»

Қостанай облысы соттарының тәжірибесінде азаматтық дауларды медиация тәртібімен шешу үрдісі тұрақты түрде дамып келеді. Соның бірі – қарыз ақшаны өндіру туралы іс.

Іс орыс тілінде қаралды. Талапкер сотқа жүгініп, жауапкерден берешек сомасын өндіруді сұрады. Сот талқылауы барысында тараптарға дауды бейбіт жолмен реттеу мүмкіндігі түсіндірілді. Нәтижесінде олар өзара келісімге келіп, медиациялық келісім жасады. Келісімшартқа сәйкес, жауапкер қарыз сомасын бір жолғы төлеммен толық өтеуге міндеттенді. Талапкер ұсынған шарттарды қабылдап, дауды бейбіт жолмен аяқтауға келісті. Сот медиациялық келісімді бекітіп, іс жүргізуді тоқтатты.

Медиация – құқық мәдениетінің көрсеткіші. Қарыз өндіру санатындағы істер азаматтық сот өндірісінде жиі кездеседі. Алайда әрбір дау сот шешімімен ғана аяқталуы міндетті емес. Заң тараптарға өзара келісімге келуге мүмкіндік береді. Медиация – уақыт пен қаражатты үнемдеуге, тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтауға жол ашатын тиімді құрал. Ең бастысы – қабылданған шешім тараптардың ерікті келісімі негізінде орындалады.

Қазақ даналығында: «Дау мұраты –

аланы. Қазіргі сот жүйесінде судья тек шешім қабылдаушы ғана емес, тараптарды заң аясында келісімге бағыттайтын тұлға. Медиация институтының



біту» деген сөз бар. Ал тағы бір нақылда: «Келісім бар жерде – береке бар» делінеді. Бұл іс те сол ұстанымның айқын көрінісі болды.

Міндеттеме – адалдық өлшемі. Азаматтық құқықтың басты қағидаларының бірі – міндеттемені адал орындау. Қарызды бір жолғы төлеммен өтеуге келісу – жауапкердің өз міндеттемесін мойындап, құқықтық жауапкершілікті түсінгенін көрсетеді. Құқықтық мемлекет жағдайында борышкер мен несие беруші арасындағы сенім тек заңмен емес, адалдықпен де өлшенеді.

«Қарыз – уақытша, абырой – мәңгі» деген сөздің астарында терең мән жатыр. Сот – төрелік пен татуластыру

дамуы – сот төрелігінің ізгіленуінің нақты дәлелі. Мұндай істер қоғамда құқықтық мәдениеттің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Өйткені бейбіт келісім – дауды ушықтырмай, өркеніетті түрде шешудің ең дұрыс жолы.

Қарыз өндіру туралы бұл іс – медиация рәсімінің тиімділігін көрсететін нақты тәжірибе. Даудың сот шешімін күтпей, өзара келісіммен аяқталуы екі тарапқа да тиімді болды. Осының өзі әділдік кейде үкіммен емес, келісіммен орнайтынын дәлелдейді.

Нүргүл САУЛЕН,  
Жангелдин аудандық сотының судьясы  
КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

АУЫЗ СУ

СУ ҚОЙМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ ОРЫНДА

Кез келген елдің экономикалық даму деңгейін тұрақтандыруда су қоймаларының алатын орны ерекше. Бұл өсіресе, ауыл шаруашылығы өндірісі трансшекаралық өзендеріндегі су қорына тәуелді Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары үшін ең өзекті мәселе. Сол себепті өріген қар мен жаңбыр суын тиімді пайдалану мақсатында жыл сайын күз бен көктем айларында су қоймаларын көбейтіп, олардың сыйымдылығын арттыру жайы талқыланады.

Мәселен, Үкімет отырысында Қазақстандағы су тасқыны кезеңінің тұрақты өтуін қамтамасыз ету шаралары жайлы баяндама жасаған Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Нұрлан Алдамжаровтың айтуынша, елдің солтүстік, орталық, батыс және шығыс өңірлеріндегі су қоймаларында бос сыйымдылықты қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ал онтүстік өңірлердегі су қоймалары су жинау режимінде жұмыс істеуде.

Еліміздегі су қоймаларының жалпы сыйымдылығы 57,3 млрд текше метр болса, 17 наурыздағы өлшем бойынша ондағы бос орын 15 млрд текше метрді

құрайды. Атап айтқан су қоймаларының толуы Қазақстанның батысында 57 пайыз, солтүстік пен орталықта 67 пайыз, шығыста – 82 пайыз болып отыр.

Су тасқыны кезеңіне дайындық аясында 2024 жылы Ілек өзеніндегі 245 млн текше метрлік Ақтөбе су қоймасын, 2025 жылы Қашағай су қоймасы мен Киров су қоймасын, Абай облысындағы Шар су қоймасы, Жетісу облысындағы Қызылағаш су қоймасы, Қостанай облысындағы Албарбөгет бөгетін реконструкциялау аяқталды. Енді 7 су қоймасын реконструкциялау жобасы әзірленіп, 7 облыстағы 11 су қоймасын реконструкциялау жобаларын

әзірлеу жалғасып жатыр. 2026 жылы жалпы 8 су қоймасын құрылымдау бойынша жобалар әзірлеу жоспарланады. Сондай-ақ Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында 2024 жылғы көктемгі су тасқыны кезінде зардап шеккен 57 гидротехникалық құрылысты қалпына келтіру және реконструкциялау үшін «Демеу Қазақстан қоры» корпоративтік қорынан қаражат бөлінді.

Биыл еліміздегі тұрғын саны ең көп облыс саналатын Түркістанда «Бәйдібек ата» және «Қарақуыс» су қоймаларының құрылысы аяқталады. Бәйдібек ауданындағы Балабөген мен Үлкен Бөген өзендері тоғысқан жердегі «Бәйдібек ата» су қоймасының аумағы 860 гектар. Су қоймаларындағы жағдайды үнемі бақылауда ұстау, су қорын көбейту – суға қатысты тапшылықты шешудің таптырмас тетігі.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ӘЛЕУМЕТ

Ұлттық статистика бюросының есебі бойынша, 2025 жылғы төртінші тоқсанда 15 және одан жоғары жастағы жұмыс күшінің саны 9,7 млн адамға жетті. Оның ішінде экономиканың түрлі саласында жұмыспен қамтылғаны – 9,3 млн адам. Олардың 7,2 миллионы жалдамалы жұмыспен қамтылғандар. Бұл экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 77 пайызы.

23 ПАЙЫЗ ХАЛЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫП ОТЫР



Өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2,1 млн адам экономикадағы жалпы жұмыс күшінің 23 пайызын құрады. Ал бұл құрамға кірмейтін адамдардың үлесі халық санының 32,3 пайызына тең.

2025 жылдың IV тоқсанында жұмыспен қамтылғандар алдыңғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 81,9 мың адамға артты. Бұл ретте жалдамалы жұмыскерлердің өсуі 94,3 мың адамға жетті. Жұмыспен қамтылған

дардың басым бөлігі сауда (17%), білім беру (13,2%), өнеркәсіп (12,5%) және ауыл шаруашылығы (10,3%) салаларына тиесілі.

Жұмыспен қамтылған халықтың саны алдыңғы жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 0,9 пайызға ұлғайған. Бұл көрсеткіш тек Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарында азайған.

Жұмыссыздар саны 445,7 мың болып, еліміздегі жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызды көрсетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,5 мың адамға аз. Жұмыссыздық деңгейі Ақмола, Қызылорда облыстары мен Алматы қаласында (4,5 пайыз), Солтүстік Қазақстан облысы (4,4 пайыз) мен Астана қаласында (4,3 пайыз), Ұлытау (4,1 пайыз) мен Қарағанды облысында (4 пайыз) ғана төмен болды.

Егер еңбек нарығындағы жалпы ахуалға көз жүгіртер болсақ жұмыс күші құрамына кірмейтін халық саны 2016 жылдан бері, ал жұмыс күші мен жұмыспен қамтылған халық саны 2020 жылдан бері тұрақты өсіп келе жатыр. Сонымен қатар, жұмыссыз халық санының азаюы 2023 жылдан бері жалғасуда.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

МІНДЕТ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫ – ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШІ

Заң үстемдігін қамтамасыз ету, сот шешімдерінің орындалуын жүзеге асыру – құқықтық мемлекеттің басты талаптарының бірі. Сот әділ шешім қабылдағанымен, егер ол шешім орындалмаса, оның қоғамдағы маңызы төмендеп, азаматтардың құқығына нұқсан келуі мүмкін. Осындай жағдайда сот шешімінің толық әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ететін маңызды тұлғалардың бірі – жеке сот орындаушылар. Жеке сот орындаушы атқарушылық іс жүргізу саласында қызмет атқарып, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауға бағытталған маңызды міндеттерді жүзеге асырады.

Жеке сот орындаушының негізгі қызметі – сот актілерін, сондай-ақ заңда көзделген басқа да атқарушылық құжаттарды орындау. Яғни, сот шешімі бойынша қарыз өндіру, мүлкті тәркілеу, айыппұлдарды өндіріп алу, алимент төлеуді қамтамасыз ету сияқты маңызды мәселелердің барлығы жеке сот орындаушысының қатысуымен жүзеге асырылады. Осы арқылы жеке сот орындаушысы қоғамдағы құқықтық тәртіптің сақталуына және заң талаптарының орындалуына үлес қосады.

Жеке сот орындаушының қызметі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Себебі ол бір жағынан заң талаптарын қатаң сақтауы тиіс болса, екінші жағынан азаматтардың құқығы мен бостандығын бұзбауға міндетті. Атқарушылық іс жүргізу барысында жеке сот орындаушысы тараптармен жұмыс жүргізеді, борышкерлерге заң талабын түсіндіреді, берешекті өндірудің заңды жолын қолданады. Сонымен қатар ол тараптардың мүддесін тең дәрежеде ескеріп, барлық әрекеттерін заң аясында жүзеге асыруы қажет.

Жеке сот орындаушының міндетіне атқарушылық құжаттарды уақытылы қабылдау, іс жүргізуді бастау, борышкердің мүлкін анықтау, қажет болған жағдайда мүлікке тыйым салу, банктік шоттарға шектеу қою, сондай-ақ заңда көзделген басқа да шараларды қолдану жатады. Бұл шаралардың барлығы сот шешімдерінің нақты орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен бірге жеке сот

орындаушысы өз қызметінде әділдік, бейтараптық және заңдылық қағидаларын басшылыққа алуы тиіс.

Қазіргі таңда жеке сот орындаушылардың қызметі заманауи талаптарға сай дамып келеді. Ақпараттық технологиялардың енгізілуі, электрондық жүйелердің қолданылуы атқарушылық іс жүргізу процесін жеңілдетіп, ашықтықты арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Мысалы, электрондық базалар арқылы борышкерлердің мүлкі туралы мәліметті анықтау, банктік шоттарға шектеу қою сияқты әрекеттер жедел түрде жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде сот шешімінің орындалуы тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар жеке сот орындаушысы өз қызметінде кәсіби біліктілікті үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Заңнаманың өзгеруі, қоғамдағы құқықтық қатынастың дамуы сала мамандарынан жоғары білім мен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан жеке сот орындаушылары заңды терең меңгеріп, қызмет барысында әділдік пен адалдық қағидаларын ұстануы тиіс.

Жеке сот орындаушы – қоғамдағы заң үстемдігін қамтамасыз ететін, сот шешімдерінің нақты орындалуына жауапты маңызды маман. Оның қызметі азаматтардың құқығын қорғауға, әділдікті қамтамасыз етуге және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған.

Е.АУНЕКОВ,  
Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ КӨҢІЛІ ТОЛМАЙТЫНДАР КӨП

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2025 жылы қаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктердің қызметіне байланысты жеке және заңды тұлғалардың 164 мың жолданымын қарсады. 2024 жылы оның саны 127 мың болған еді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 29,1 пайызға көбейген.

Олардың 51,5 пайызы банктерге; 36,7 пайызы микроқаржы ұйымдарына, 11,8 пайызы нарықтың басқа қатысушыларына қатысты болды. Егер жолданымдардың сипатына көз жүгіртер болсақ олар негізінен қарыздар бойынша берешекті реттеу және өндіріп алу, банктік шоттар бойынша шектеулер, сондай-ақ алаяқтық тәсілмен ресімделген қарыздарға байланысты мәселелер бойынша. Ал сақтандыру секторының жолданымдары негізінен сақтандыру төлемдерінен бастартумен және сақтандыру өтемінің мөлшеріне келіспеумен байланысты болады.

Агенттік 2025 жылы қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау шеңберінде Қазақстан заңнамасында белгіленген бұзушылықтар бойынша қаржы нарығының субъектілеріне 78 ұсынымдық қадағалау шарасын қолданды, 17 жазбаша нұсқама берді және әкімшілік құқық бұзушылық туралы 155 хаттама бойынша 70 млн теңгеге 55 әкімшілік жаза қолданды. Әкімшілік жазаның 16-сы банктерге; (13,3 млн теңгеге), 11-і коллекторлық агенттіктерге (4,2 млн теңгеге); 21-і микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға (49,9 млн теңгеге); біреуі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға (0,4 млн теңгеге) қолданылды.

Ал 2026 жылдың алғашқы айында қаралған жолданым саны 15,6 мыңды құрады. 2025 жылы оның саны желтоқсанда – 15 мың, қарашада – 11 472 болған. Қаңтардағы жолданымдардың 61,4 пайызы банк секторына; 27,2 пайызы микроқаржы ұйымдарына; 11,4 пайызы өзге ұйымдарға тиесілі болды.

Сипаты бойынша олардың 57 пайызы қарыздар бойынша берешекті реттеу мәселесіне, 11 пайызы заңнаманы түсіндіруге, 7 пайызы түрлі мәселе бойынша консультацияларға тиесілі. Бұл ретте алаяқтық бойынша қаралған жолданымдар санының биыл 35 пайызға төмендегені байқалады. Оған агенттіктің есебіне сай онлайн-қарыздар беру кезінде міндетті «шешім қабылдау кезеңінің» енгізілуі, Антифрод-орталыққа қатысушылардың функционалы мен құрамын кеңейту, биометриялық сәйкестендіру рәсімдерін күшейтуді қоса алғанда, реттеушілік шаралар кешенін іске асыру, сондай-ақ агенттікпен әлеуметтік желілерде және Fingramota.kz порталында жүйелік ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуі түрткі болып отыр.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

## ҚЫЗМЕТ

Ішкі істер саласында психолог маманының атқаратын еңбегі ерекше. Бұл мамандықтың қиындығы мен қызығы, жауапкершілігі мен артылған жүгі жайлы Түркістан облысы Ішкі істер департаментінің ең алғашқы психологі – Шымкент қаласы Полиция департаментінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспектор-психологі полиция подполковнигі Жанар Оразбаевамен әңгімелестік.

# САБЫР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗЕДІ



– Менің мамандығым – психолог. Алғашқы еңбек жолым 2004 жылы сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облыстық Қылмыстық атқару жүйесі департаментінде басталды. Төрт жылдан соң облыстық департаментке психолог қызметіне шақырды. Мен бірден келісіп, арнайы емтихандарды жоғары бағаға тапсырып, жұмысқа қабылдандым. Біздің әулеттен маған дейін ешқашан полиция қызметкері шықпапты. Нағыз мықтылар мен білектілерге арналған бұл салада әулетімізден де бір адамның болғаны дұрыс деп шештім, – дейді полиция психологі.

Шымкент қаласы Полиция департаментінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспектор-психологі, полиция подполковнигі Жанар Оразбаева Ішкі істер саласында 18 жылдан аса қызметтік міндеттерін адал атқарғаны үшін, психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастырудағы жоғары жетістіктері үшін ҚР ІІМ-нен және департамент басшылығы тарапынан бірнеше рет марапаттарға ие болған. Қазіргі таңда қызмет пен отбасын қатар алып жүрген сүйікті жар, аяулы ана.

Жанар Күдерқызы Шымкент қаласы Полиция департаментінде Психологиялық жұмысты ұйымдастыру тобын басқарады, қарамағында 8 психолог пен полиграфолог бар.

Ол көп оқып, ізденгенді, білім алғанды, әрі күнделікті таза ауада серуендеп, демалыс уақытында табиғат аясында уақыт өткізгенді ұнатады.

– Инспектор-психолог ретіндегі мақсатым – әр адам өз өмірінің қадірін түсініп, өзін бағалай білуіне себепкер

болу. Бұл өте жанды жұмыс. Өйткені ол адамдармен күнделікті қарым-қатынаста өрбиді. Саладағы қызметкерлер әртүрлі болады. Мен психолог ретінде де, тәлімгер ретінде де, тәрбиеші ретінде де жұмыс барысында қызметкерлермен сөйлесем, талқылаймын, мәселелерді талдаймын, жәрдемдесем, бағыт нұсқаймын, – дейді полиция полковнигі.

«Полицияға қоғам тарапынан психологиялық қысым көп. Әлеуметтік желілерде де, күнделікті өмірде де оларға дөрекі сөздер айтып, балағаттайтындыр көп. Негізінде форма киген адамның да бәріміз сияқты; өз мәселелері, қайғысы және қуанышы бар. Сонымен қатар темірдей тәртіпке, заңға қызмет істейтін міндеті бар. Оны әрдайым кез келген адам түсіне бермейді. Осындай қиындықтарда біз психологтар олардың қасынан табылуға тырысамыз», – дейді.

Жүзге жуық қызметкер ай сайын психологиялық тексеруден өтеді. Бұл саладағы адамдар да әртүрлі, араларында кейде психологиялық көмекке жүгінуді оғаш көретін қызметкерлер кездеседі. Кейде кейбірін шын мұқтаж болады. Жанар өз кезегінде осы ескірген стереотиптерді бұзып, психологтың қолдауы қажет екенін түсіндіруге тырысатындарын да айтты.

Олардың тағы бір негізгі қызметі ішкі істер органдарына үміткер жастар мен полиция қызметкерлеріне психологиялық зерттеу жүргізеді.

– Психология саласы ең күрделі сала, сондықтан біз өз білімімізді арқашан жетілдіріп отыруға мәжбүрміз. Мен, мәселен, жылына 2 рет білік-

тілікті арттыру курстарына қатысып, арнайы сертификаттарды алып отырамын. Себебі, мамандардың қазір әртүрлі тәуелділіктерін тек қана аппаратпен анықтай алмайсың. Олардың құмар ойындары мен есірткіге деген тәуелділігін анықтау ауыр және оған тек аппарат жеткіліксіз. Бұл жағдайда психологиялық және нумерологиялық білім де қажет болады, – дейді маман.

Сонымен қатар психолог басшылардың басқару стилі мен көшбасшылығын

және қызметкерлердің психологиялық жай-күйін анықтау мақсатында жұмыс жүргізіп отыр.

Талай жыл тәжірибе жинақтаған Жанардан «Қазіргі күннің полицейі қандай болуы керек?» деп сұрадым. Сонда ол ұзақ ойланбастан: «Полиция қызметкері болу – тек погон тағып жүру емес. Тәртіп сақшысы физикалық тұрғыда қуатты, шыныққан болуы шарт. Сол себепті полиция қызметкерлері аптасына үш мәрте жаттығу залына барып дайындалуы қажет. Уақыт тауып өзін де жаттығуға барамын. Маған ұнайтыны да осы. Біз әрдайым спортпен шұғылданамыз. Күш-қуатымыздың жеткілікті болуын қадағалаймыз. Спорттың арқасында үнемі өзімізді жеңіл әрі сергек сезінеміз. Мұның полиция қызметкеріне, оның психологиялық көңіл-күйіне пайдасы мол, – деп жауап берді ол.

Қызметкерлердің эмоционалды шаршауының алдын алу мақсатында, психоэмоционалды босану іс-шаралары мен психологиялық тимбилдинг жаздың шырайлы мезгілінде табиғат аясында және «Дендрологиялық саябақта» өтеді екен.

– Жалпы, департамент психологтарының атқаратын қызметі өте көп, бәрін айтып жеткізу мүмкін емес. Барлық ішкі істер саласындағы қызметкерлерге эмоционалды тұрақтылық пен қызмет бабында сабырлық тілеймін. Сабыр – жеңіске жеткізеді, жеңіс біз бағындырған бәлестердің жемісі. Сол үшін әрбір іске сабырлықпен қарауға шақырамын, – дейді Жанар.

Раушан НАРБЕК,  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ



## НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ:


# ИНТЕРНЕТТЕГІ ЕСІРТКІ САУДАСЫНЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Еліміздің құқыққорғаушылары есірткіні интернет дүкендер арқылы саудалайтындарды анықтауда ерекше бәсеңділік танытып жүр. Бұған қазіргі таңда өршіп кеткен әртүрлі интернет каналдары арқылы жасалып жатқан қылмыстық оқиғалар себеп болуда. Есірткі саудасы қандай жолмен болса да Қазақстанда саудаланбауы тиіс.

Санасы сергек кез келген қоғам жастарының болашағын ойлайды. Соның жолында әрекет етіп әртүрлі қылмыстардың, оның ішінде есірткі саудасының таралуын тоқтату жолында бір кісідей атсалысады. Оның ішінде прокуратура өкілдері де ерекше қайрат танытуда. Мәселен, жуырда Ақтөбе облысының прокуратурасы Полиция департаменті және Экономикалық тергеп-тексеру департаментімен бірлесіп, интернет алаңдары арқылы есірткі заттарын сатумен айналысқан ірі қылмыстық желінің қызметін тоқтатты.

Қылмыстық схема жүйелі түрде құрылып, «Telegram» мессенджері арқылы жүзеге асырылған және «контактсіз сату» қағидаты бойынша жұмыс істеген. Тапсырыстар қашықтан қабылданып, төлемдер «дропперлер» деп аталатын тұлғалардың банктік карталары арқылы жүргізілген, бұл қылмыскерлерге ұзақ уақыт бойы өздерінің заңсыз әрекеттерін жасырып келуге мүмкіндік берген.

Жедел-тергеу іс-шаралары мен ақша қаражатының қозғалысын тал-



дау нәтижесінде қылмыстық топтың қатысушылары Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Ақтөбе облыстарының аумағында, сондай-ақ Астана қаласында анықталып, ұсталды. Барлығы ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында болған 6 адам ұсталды. Заңсыз айналымнан 10 кг астам психотроптық заттар тәркіленді. Осы дерек бойынша өткен жылдың қыркүйек айында Ақтөбе облысының арнайы прокурорлары «Qumyz shop» интернет-дүкені арқылы еліміздің аумағында психотроптық заттарды өткізумен айналысқан ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысты қылмыстық істі тергеп-тексеруді аяқтады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

## СОТ ІС ҚАРАДЫ

# ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН АЛУ

Глубокое аудандық сотында арызданушының иелену мерзіміне байланысты жылжымайтын мүлікке меншік құқығын алу туралы талап қоюын қанағаттандырудан бас тартылды.

Сотқа талап қоюмен жүгіне отырып, талап қоюшы өз талаптарын оның және қайтыс болған тұлғаның арасында сот шешімі бойынша өндірілген алименттер орындауға ұсынылмайтыны, ал соңғысы өз кезегінде даулы жылжымайтын мүліктегі үлеске талаптанбайтыны туралы ауызша келісім болғанымен, бұны оның тарапынан мүлікті бөлу бойынша талаптардың ұзақ уақыт болмау фактісі растайтынымен негіздеген. Жылжымайтын мүлікті иеленудің барлық мерзімі ішінде мүлікке ешкім құқығын алға тартпаған, ол пәтерді адал, ашық және үздіксіз иеленіп келеді.

ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 3 «Соттардың меншік иесі қалдырған тұрғын үйге құқық туралы дауларды қарау тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 10-тармағында иелену мерзімі негізінде тұрғын үйге меншік құқығын алу туралы талап қоюларды қарау кезінде Азаматтық кодекстің 240-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайлар жиынтығының, яғни жылжымайтын мүлікті жеті жыл бойы өзінікі ретінде адал, ашық, үздіксіз иеленудің болуын ескеру қажет екендігі түсіндірілген.

Мұра қалдырушының балалары – жауапкер Е., сондай-ақ мүддесінде жауапкер П. әрекет ететін көмелетке толмаған Е. бірінші кезектегі мұрагерлер болып саналады.

Жоғарғы Соттың 2009 жылғы 29 маусымдағы № 5 «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 6-тармағына сәйкес, белгіленген тәртіппен қабылданған мұра ашылған күнінен бастап мұрагерге тиесілі деп танылады. Сондықтан, мұраға құқық туралы куәлікті алу мұрагердің міндеті емес, құқығы, аталған куәліктің болмауы мұрагерлік құқықтарды жоғалтуға негіз бола алмайды.

Сот отырысы барысында жауапкер Е. – қайтыс болған адамның



Нүргүл НҰРЛАНОВА,  
Глубокое аудандық сотының  
судьясы

және талап қоюшы Е.-нің ұлы, сотқа мәлімделген талаптарды қанағаттандыруға қарсы еместігін, мұраны алуға мүдделі еместігін, әкесі оны ерікті түрде асырауға және тәрбиелеуге қатыспағанын, мұра қалдырушының екініші деңгейдегі банктер алдында қарыздық міндеттемелері бар екенін түсіндірді.

Сонымен қатар, жауапкер П.-ның қайтыс болған адаммен оның қайтыс болған күніне дейін бірге тұрғаны, некеге тіркелмегені, алайда мұраны қабылдау құқығын жоғалтпаған көмелетке толмаған бала бар екені анықталды.

Мұрагерлер нотариуска мұрадан бас тарту туралы өтінішпен жүгінбеген, оларды мұрадан шеттетілген мұрагерлер деп тану туралы шешім жоқ. Мұрадағы үлестен бас тартуды және ол соттың қабылдауына жатпайды. Мұрадан бас тарту мұрагердің мұра ашылған орны бойынша нотариуска өтініш беруі арқылы жасалады.

Шешім заңды күшіне енді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## ЭКОНОМИКА

# САУДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ АРТТЫРУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ ТАҢДАЛДЫ

Алдағы уақытта Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда қатынасы жаңаша форматта дамиды, өнді бұл қарым-қатынас цифрлық форматқа ауысады.

Болашақта сауда айналымында, алыс-берісте қағаз құжаттар азайып, бұған дейін үлкен кедергілердің негізі болған тексеріс шаралары алынып тасталады. ҚР Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов осылай деп мәлімдеді.

– Қазір бірнеше пилоттық жоба іске асып жатыр. Солардың бірі ретінде 11 акпаннан бастап навигациялық пломба енгізілді. Елдер арасындағы транзиттік көліктерге навигациялық пломба орнатылып, олар онлайн бақыланып отыр. Соның арқасында физикалық тексерулер алынып тасталды. Бұл жоба оң нәтиже көрсетіп жатыр. Оны ары қарай да дамыта береміз, – деді ол.

Тағы бір маңызды жоба аясында теміржолдағы қозғалысты қағаз құжаттардан арылтып, электрондық форматқа көшіруге белсене кірісу істері қолға алынады.

– Бұл жоба да жүзеге асырылып жатыр. Соның арқасында рәсімдеу үдерісі 30 минуттан 10 минутқа қысқартылды. Сондай-ақ Еуропа бағытындағы транзит ұлғайып жатыр. Бұл мақсаттағы жұмыстар әлі де жалғасады. Алдағы уақытта екі ел арасындағы сауда айналымы, тауар тасымалы толықтай электронды форматқа ауыстырылады, – деді Е.Біржанов. Оның сөзінше, инфрақұрылымды дамыту да назардан тыс қалмайды.

– Тағы бір бағыт – инфрақұрылым. Екі ел арасындағы бекеттерді жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. 30 бекет заманауи талаптарға сай болады. Осы жобаның арқасында бекеттердегі жолдар кеңейтіледі және жаңа техникалық құралдар тексеру үдерістерін жеңілдетеді. Мұның бәрі тауар айналымын кедергілерден арылтады, – деді Қаржы вице-министрі.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ӨЗЕКТІ

Қазақстан кезекті су тасқыны қаупінің алдында тұр. Осыған орай, биылғы маусымға дайындық күшейтіліп, қауіпсіздік шаралары айтарлықтай кеңейтілген. Өткен жылғы су басу оқиғаларының кейін билік жүйелі бақылауға, тәуекелдерді цифрлық модельдеуге және инфрақұрылымды жаңғыртуға басымдық беруде.



Болжамға сәйкес, негізгі күш тәуекелі жоғары аймақтарға жұмылдырылмақ. Олар – Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары және Абай облысы. Дәл осы өңірлерде тарихи тұрғыда ең күрделі су тасқыны жағдайлары жиі тіркеледі. Сонымен қатар цифрлық жүйелер нақты нәтижелер көрсетіп отыр. «Қазидромет» РМҚ деректері мен Talsim-NG бағдарламасы негізінде бірнеше өңірдегі бірден 30 елді мекенге қауіп төнуі мүмкін екені модельденген.

Бұл қауіптің гипотетикалық емес, нақты есептелгенін білдіреді. Яғни, мемлекет жаңа басқару моделіне көшіп келеді: проблемалық нүктелер анықталып, қауіптің алдын алу шаралары ерте кезеңде қолға алынады. 10 наурыздағы жағдай бойынша барлық су қоймалары бекітілген режимде жұмыс істеп тұр. Дегенмен өңірлердегі ахуал әрқелкі. Елдің солтүстігі мен орталығында су жинау деңгейі шамамен 67%-ды құрайды. Солтүстік өңірлерде су көлемі 2071,5 млн текше метрге жетсе, бос сыйымдылық 641,5 млн текше метрді құрайды. Бұл тасқын суын қабылдауға мүмкіндік бар деген сөз. Батыс өңірлерде жағдай біршама күрделі. Мұнда

толу деңгейі 59%. Кейбір су қоймаларында, мысалы, Киров (31%) және Ақтөбе (42%) су қоймаларында көрсеткіш төмен. Бұл бір жағынан қысымды азайтса, екінші жағынан су балансының тұрақсыздығын көрсетеді. Ең жоғары жүктеме шығыста тіркелген – толу деңгейі 81%. Жалпы жобалық көлемі 53 060 млн текше метр. Өскемен су қоймасы 95%-ға дейін толған, бұл ерекше дәл басқаруды қажет етеді. Оңтүстікте су жинау режимі сақталған, ал қалған өңірлер жоспарлы режимде жұмыс істеп тұр. Тасқын суын өткізу есептері әр 10 күн сайын жаңартылып отырады. Соңғы жылдардағы басты сабақ – инфрақұрылымдағы әлсіз тұстардың бар екені. Осыған жауап ретінде тексеру көлемі айтарлықтай артқан. 2025 жылы 56 гидротехникалық нысан тексерілсе, 2026 жылы бұл көрсеткіш 175-ке жетеді. Бұл – 2024 жылмен салыстырғанда 2 есеге, ал 2025 жылмен салыстырғанда 3 есеге жуық өсім. 2028 жылға дейін 557 нысанды қамту жоспарланып отыр. Сонымен қатар кадрлық әлеует те күшейтілуде. Қазіргі таңда арнайы коммуналдық кәсіпорындарда 1193 қызметкер жұмыс істейді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 35%-

ға көп. Бұдан бөлек, 100-ден астам нысан мемлекет балансына қабылданды. Бұл гидрокұрылыстарды орталықтан-дырылған бақылауға алып, иесіз нысандар тәуекелін азайтуға бағытталған. Өзен арналарының жағдайын жақсарту да маңызды бағыттардың бірі. Жалпы ұзындығы 814,06 км болатын 52 учаскені тазарту жоспарланған.

Қазіргі таңда 166,98 км (11 жоба) аяқталған. 2026 жылы 192,55 км, ал 2027 жылы 389,22 км өзен көлемін тазарту көзделіп отыр. Алайда жұмыстардың басым бөлігі әлі алда. Бұл елдің биылғы тасқын маусымына толық дайын жүйемен емес, жартылай іске асқан бағдарламамен кіріп отырғанын көрсетеді. Алғаш рет Ресеймен бірлескен жұмыс тобы құрылды. Бұл трансшекаралық өзендерге байланысты тәуекелдерді басқаруда маңызды қадам. Ақпан айында Астанада өткен бірлескен комиссияның 4-отырысында су қоймаларының жұмыс режиміне қатысты нақты ұсыныстар қабылданды. Мұның бәрі бұрын орын алған үйлеспеген әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік береді.

1 наурыздан бастап тәулік бойы жұмыс істейтін жедел штаб іске қосылды. Оның құрамына бірнеше министрлік енгізілген. Барлық қызметтер күшейтілген дайындыққа көшірілген. Қазақстан 2026 жылғы тасқын маусымына өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда дайын күйде кіріп отыр. Цифрлық модельдеу енгізілді, тексерістер саны артты, кадрлар көбейді және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асуда. Дегенмен тәуекелдер сақталып отыр. Олардың қатарында су қоймаларының біркелкі толмауы, өзендерді тазарту жұмыстарының толық аяқталмауы және алдын ала анықталған қауіпті аймақтардың болуы бар. Сондықтан қазіргі стратегия тасқынды толық болдырмауға емес, оның салдарын басқаруға бағытталған. Ал бұл жүйенің тиімділігі ең алдымен адамдардың қауіпсіздігімен өлшенеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

ШАРТАРАП

Қазіргі геосаяси жағдайда мемлекеттің қауіпсіздігі тек физикалық шекаралармен ғана шектелмейді. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы «цифрлық егемендік» ұғымын алдыңғы қатарға шығарды. Қазақстан үшін цифрлық кеңістікті қорғау – ұлттық қауіпсіздіктің басым бағыты, ал бұл міндетті тиімді атқару жаһандық деңгейдегі тығыз халықаралық ынтымақтастықсыз мүмкін емес.

ЦИФРЛЫҚ ЕГЕМЕНДІК ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Қазақстанда цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің институционалдық негізі қаланып, «Қазақстанның киберқалқаны» тұжырымдамасы аясында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мемлекеттік техникалық қызмет жанындағы Кибершабуылдарға жедел әрекет ету орталығы бүгінде еліміздің ақпараттық инфрақұрылымына төнген қатерлерді анықтап, оқшаулаудың басты механизміне айналды. Дегенмен, киберқылмыстың трансшекаралық табиғаты онымен тек бір мемлекет ішінде күресудің тиімсіздігін көрсетті. Сондықтан Қазақстанның сыртқы саясатында цифрлық қауіпсіздік мәселесі бойынша халықаралық конвенциялар мен екіжақты келісімдерге басымдық берілуде.

Киберқылмыспен күрестің құқықтық негізін халықаралық деңгейде үйлестіру – уақыт талабы. 2025 жылы Қазақстанның БҰҰ-ның Киберқылмысқа қарсы жаһандық конвенциясына қосылуға бағыт алуы тарихи маңызды қадам болды. Бұл құжат бізге шет елдердің құзыретті органдарымен сандық айғақтарды өзара тану, шетелдік серверлерде сақталған қылмыстық деректерді заңды түрде алу процедураларын оңайлату бағытында жұмыс істеуге жол ашады. Сонымен қатар, бұл қадам киберқылмыскерлерді іздестіру және жауапкершілікке тарту кезіндегі бюрократиялық кедергілерді жоюға және халықаралық IT-криминалистика саласындағы озық технологияларды отандық тәжірибеге енгізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан аймақтық деңгейде Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде де белсенділік танытуда. Бұл ұйымдар аясында ақпа-

раттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бірлескен оқу-жаттығулар өткізіліп тұрады. Бұл тек қылмыспен күрес қана емес, сонымен бірге банк жүйелері, электр станциялары мен мемлекеттік басқару порталдары сияқты критикалық ақпараттық инфрақұрылымдарды кибердиверсиялардан қорғаудың ұжымдық механизмі болып табылады.

Бүгінгі таңда киберқауіпсіздік тек мемлекетаралық қатынастармен шектелмейді. Meta, Google, Telegram сияқты ірі технологиялық гиганттармен және ірі криптобиржалармен тікелей байланыс орнату – тергеу тиімділігін арттырудың кілті. Қазақстанның құқық қорғау органдары аталған компаниялармен заңсыз контентті жою және қылмыстық жолмен алынған активтерді бұғаттау бағытындағы серіктестікті нығайтып келеді.

Цифрлық қауіпсіздікті халықаралық деңгейде нығайту үшін Қазақстан алдағы уақытта халықаралық киберкелісімдерді ратификациялауды жеделдетіп, отандық заңнаманы жаһандық стандарттарға сәйкестендіруі қажет. Сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі кибер-детективтер мен IT-сарапшыларды даярлауға басымдық берілуі тиіс. Түйіндей келгенде, киберкеңістіктегі қауіпсіздік – бұл ортақ жауапкершілік. Қазақстан өзінің ашық әрі көпқеректі саясат арқылы жаһандық цифрлық қауіпсіздік архитектурасының сенімді серіктесіне айналуы көзделді.

А.КОНЫСОВ,  
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті  
«Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы

ҚОРҒАНЫС

Қорғаныс саласын дамытуға ел Президенті, Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше назар аударып отыр. Басымдықтар ретінде Әуе қорғанысы жүйелерін, әскери-көліктік авиацияны, арнайы операциялар күштерін, радиоэлектрондық барлау мен күресті, ұшқышсыз ұшу жүйелері мен қос мақсатты құралдарды дамыту көрсетілген. Бүгінде Әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесін дамыту бойынша жобалар белсенді іске асырылып жатыр, бұл стратегиялық маңызды объектілерді қорғауға және мемлекеттің қорғаныс әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді.

ӘСКЕРИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

ҚР Қорғаныс министрлігі Стратегиялық даму департаменті бастығының орынбасары, полковник Алпамыс Өтеповтің айтуынша, әскери-көліктік авиацияны дамытуға ерекше назар аударылуда. Бұл армияның жедел ұтқырлығын арттырып, қауіп-қатерлерге тез жауап беруге және әскер күштерін қысқа уақыт ішінде қажетті жерге жеткізуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты Airbus A400M Atlas ұшағы Қазақстан Республикасының Әуе қорғанысы күштері авиациялық паркіне қосылды. Ерекше рөл арнайы операциялар күштеріне беріледі. Олар терроризмге қарсы іс-қимылдан бастап бітімгершілік миссияларға қатысуға дейінгі түрлі қауіп-қатерлерге әрекет ететін әмбебап құралға айналып келеді. Олардың дайындығы, техникалық жабдықтауы және басқа бөлімшелермен өзара іс-қимылы күшейтілуде.

Алпамыс Өтеповтің сөзінше, маңызды бағыттардың бірі – радиоэлектрондық барлау мен радиоэлектрондық күресті дамыту, сондай-ақ ұшқышсыз авиациялық жүйелерді енгізу. Бұл – бақылау мен барлау жүргізудің жаңа мүмкіндіктерін ашып қана қоймай, әскерді қолданудың тиімділігін арттыратын заманауи құрал. Сонымен қатар, қос мақсаттағы құралдарды әзірлеу және қолдану жұмыстары қатар

француз компаниясымен – КВ және УКВ диапазонындағы радиостанциялары және басқалары бар. Сонымен қатар, армияға қажетті өнімдерді Қазақстанда өндіру көлемі артты. Олардың ішінде патрон өндірісі, кеме жасау, Әуе қорғанысы құралдарын жөндеу мен өндіру, оптикалық-электрондық жүйелер және бронды техника бар, – деді А. Өтепов. Бүгінде Қазақстанда жасалған ұшқышсыз ұшу аппараттары



жүргізілуде, бұл өз кезегінде армияға қосымша икемділік пен технологиялық артықшылық береді.

– Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамытуда шетелдермен әскери-техникалық ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Қазақстан аумағында Қазақстан инжиниринг ұлттық компаниясы мен шетелдің алдыңғы қатарлы компаниялары бірлескен кәсіпорындар құрған. Олардың қатарында «Aselsan» түрік компаниясымен бірлесіп электрондық-оптикалық аспаптар өндірісі, «Eurocopter» француз-неміс компаниясымен – EC145 тікұшақтарын өндіру және техникалық сүйемелдеу, «tales»

да сынақтан өткен. Олардың қатарында «Burkit» және «Sunqar» UAV (Bet Sky), «Шағала» (Taharqa Technologies), сондай-ақ «Шағала-М» мен «Қарақұс» (R&D орталығы Қазақстан инжиниринг) бар. Сынақ нәтижесінде «Sunqar» ұшқышсыз жүйесі ҚР Қарулы Күштері қарауына қабылданып отыр. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін дамытудағы негізгі қағидаттар мен тәсілдер әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы стратегиялық бағдарламалық құжаттарда айқындалған.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН

МЕН СЕНГЕН ЕҢ ҒАЖАП ЕРТЕГІ

Бұл айда ерекше мән-мағына жатыр. Наурыз тек қазақ халқының ғана ұлттық құндылықтарын насихаттамайды, ол күллі мұсылман халқының салт-дәстүрін тоғыстырып, шығыс халықтарының асыға күтетін жыл басына, жаңа күніне айналған айтулы мөреке.

Бұл тек үлкен адамдардың, ересектердің ғана асыға күтетін мейрамы емес, бұл жастардың, біз секілді жасөспірімдер мен кішкене балалардың да сағына күтетін ұлы тойы. Біз наурызды отбасымызбен асыға күтеміз. Әр жыл сайын наурыз біздің балалық санамызға әдемі естеліктер қалдырады. Себебі, біз ініміз екеуіміз кішкене күнімізден бұл мөрекеде Қыдыр ата келеді дегенге сеніп өстік. Ондай сенім мен әдемі естеліктердің қалыптасуына, біздің жүрегімізде Наурыздың жылы сағынышы қалуына ата-анамыздың себепкер екенін біртіндеп ғана түсіндік. Қалай дейсіз бе? Айтайын.

Бізге ата-анамыз мектеп табалдырығын аттамастан бұрын мейрам қарсаңында былай дейтін: «Сендер Қыдыр атаға тілектеріңді жазындар, жаза алмасандар әкелеріңе айтындар, ол ата тура 21-нен 22-сіне қараған таңда біздің ауылды аралайды, тек қана сендер сияқты балалардың тілегін орындайды» деп. Біз шынымен сол «ертегіге» сеніп, ең әдемі тілектерімізді жазатынбыз. Ата-анасы қасында, көйлегі көк, қарны тоқ бала нені армандайды, біздің армандарымыз да дәл солардікіндей болатын. Жасыл фонарик, пульспен жүретін машина, әдемі кофта, қоңыр шалбар деген секілді. Және ол қиялымызды Қыдыр атамның міндетті түрде орындайтын. Біз 22 наурызда ерте тұрып ап бақшаның шетінде өскен алма ағашына жүгіретінбіз. Себебі, Қыдыр ата сыйлықтарын сонда іліп, балалар ақылды болындар, ата-аналарыңды тыңдаңдар, мықты азамат болыңдар!» деген секілді тілегін де жазып кететін. Қыдыр атаға деген махаббатымыз біздің сауатымызды да түзеді, қатесіз жазуға, әдемі жазуға үйрендік.

Бірде інім ол кісіге ерекше тілек жазыпты: «Қыдыр ата, мен бүкіл жан-жануардың тілін білетін болайыншы және маған өзім мініп жүретін тірі ат сыйлашы» деп. Бірақ Қыдыр ата әрине, ол тілекті қалай орындасын: «Балам, сен ол үшін көп оқуың керек, жақсы оқыған балалар өскенде бүкіл жан-жануардың тілін біліп шығады, мен саған сенемін, сен мықтысың, оған міндетті түрде жетесің, екінші тілегіңді де қазірше орындау мүмкін болмай тұр, сендер ертең үлкен азамат боп үлкен кең, жер үй аласыңдар, сол кезде сендерге тірі жылқы өкелемін, өзирге мына ойыншық атты міне тұр!» деп жауап қалдырыпты. Біз оған да сеніп әдемі сыйлықтар алғанымызға мәзбіз. Содан сәл өскенде бастауышты аяқтар тұста ма екен, әкем Наурыз мейрамы кезінде айтты, «сендердің Қыдыр аталарың – ата-аналарың» деп. Біз оған титімдей де ренжіген жоқпыз, қайта қуана барып, әке-шешемізді бас салдық. Міне, біз сол кездерден бастап Қыдыр атаға сендірген, небір ғажайыптарды сыйлатқан Наурыз мөресінің ерекше жақсы көріп кеттік. Олар бүгін біздің әдемі естеліктеріміз. Әр мөреке сайын ғажап көңіл-күйі, әдемі сағынышпен сол сәттерді жарыса айтысып, тауыса алмай отырамыз.

Өз-Наурыз әр шаңыраққа осындай әдемі естеліктерімен шуақ сыйлайды деп ойлаймын. Осындай рухани қуанышпен қатар, дәмі ерекше наурыз көжесі де асыға күтеміз. Әжеміздің жасаған көжесінің дәмі тіпті керемет еді. Наурыз әр отбасына көп жақсылық пен қуаныш, үміт пен әдемі естеліктер сыйлайтын таңғажайып мейрам.

Нұрилла ЖАРҚЫНҚЫЗЫ,  
10-сынып оқушысы  
ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ

## АБАЙ ОБЛЫСЫ

### КӨКТЕМГІ ЕГІС НАУҚАНЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

Облыста көктемгі егіс науқанына қызу дайындық басталып кетті. Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте көктемгі егіс және дала жұмыстарына дайындық барысы талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауылшаруашылық басқармасының басшысы Ертай Қуанбаев баяндады. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс көлемі 789,3 мың гектарды құрайды. Оның ішінде 299,2 мың гектар – дәнді және дәнді-бұршақ дақылдары, 340,3 мың гектар – майлы дақылдар, 138,0 мың гектар – жем-

шөп, 6,6 мың гектар – картоп, ал 5,2 мың гектар – көкөніс және бақша дақылдары. Облыста картоптың егіс алқабын кеңейту бойынша нақты шаралар қабылданып, ірі шаруашылықтарды тарту жұмысы күшейтілді. Сонымен қатар жүгері алқабын ұлғайту және мал шаруашылығының дамуына байланысты жем-шөп базасын нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Майлы дақылдар көлемін өткен жылдың деңгейінде сақтау көзделген.

Көктемгі егіс жұмыстарына 12630 техника жұмылдырылады. Олардың дайындығы 90

пайызды құрайды. Жанар-жағармайға сұраныс 29,6 мың тонна болса, оның 25,9 мың тоннасы бөлінді. Ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту жұмыстары да жалғасуда.

«Ауыл шаруашылығы – облыс экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Сондықтан көктемгі науқанды уақытылы және сапалы өткізу аса маңызды. Техника дайындығы, тұқым қоры, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету және қаржыландыру мәселелері толық шешімін табуы тиіс», – деді Берік Уәли.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ

### ЗАМАНАУИ БАСПАНАЛАР ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

Абай ауданының орталығы Қарауыл ауылында Наурыз мейрамы қарсаңында 18 отбасы баспаналы болды.

Көп жылдан бері бос тұрған үш қабатты тұрғын үй облыс әкімі Берік Уәлидің қолдауымен қайта жаңғыртылып, мемлекеттік кезекте тұрған азаматтарға табысталды.

Салтанатты кілт табыстау рәсіміне қатысқан облыс әкімінің орынбасары Серік Төленбергенов аймақ басшысының құттықта-

уын жеткізіп, қоныс иелеріне ақжарма тілегін арнады. Жаңа тұрғын үйден 1 бөлмелі 5 пәтер, 2 бөлмелі 11 пәтер, сондай-ақ, 3 бөлмелі 1 пәтердің кілттері өз иелеріне берілді. Баспаналар заманауи талаптарға сай жөндеуден өткізіліп, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалған.

А.МӘУЛЕНБАЙ

### «ҚАУІПСІЗ ҮЙ» РЕЙДІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Абай облысында құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында облыс аумағында жергілікті атқарушы органдармен, блогерлермен, еріктілермен, құқық қорғау бағытындағы қоғамдық бірлестіктер мүшелерімен және басқа да мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл аясында «Қауіпсіз үй» атты жергілікті рейдтік іс-шара өткізілуде.

Рейдтің негізгі мақсаты – өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды анықтау; тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы құқық бұзушылықтардың, оның ішінде көмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу. Осыған байланысты полиция қызметкерлері аулаларды аралау жұмыстарын жүргізуде.

Бұл ретте саяжай алқаптарына, құрылыс нысандарына, жалдамалы пәтерлерде және өзге де үй-жайларда заңнама бұзушылықтарын анықтау мақсатында ерекше назар аударылады. Сонымен қатар қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктер ішу, мас күйінде жүру, ұсақ бұзақылық, тыныштықты бұзу, тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы құқық бұзушылықтар, көмелетке толмағандардың түнгі уақытта тұрғын үйден тыс жерде, оның ішінде ойын-сауық орындарында заңды өкілдерінің жүруі сияқты құқық бұзушылықтардың жолын кесу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, профилактикалық есепте тұрған тұлғаларды тексеру ұйымдастырылады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

## Баспасөз – 2026

### Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Зан» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазыласыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

## ТАРАТУ

2. «Eclipse KZ (Эклипс КЗ)» ЖШС (БСН 221040009209) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 160-үй, 1-пәтер.

4. «Темырлан-Омар» ЖШС (БСН 260140023525) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, 160900, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Телемұнара шағынауданы, Зайсан көшесі, 2-үй, тел. 87763522777.

5. «KLN Project Logistics (Kazakhstan) (КЛН Проджект Логистикс (Казakhstan))» Ақсай қаласындағы ЖШС филиалы (БСН 120241008626) (ҚР, БҚО, Бурлин ауданы, Ақсай қаласы, 090300, Промышленный зона көшесі, 6Н құрылымы) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050059, Бостандық ауданы, Ермек Серкебаев даңғылы, 90-үй, тел. +7 701 787 66 50.

6. «KLN Project Logistics (Kazakhstan) (КЛН Проджект Логистикс (Казakhstan))» ЖШС-ның Ақтау қаласындағы филиалы (БСН 970241006021) (ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 130000, 14 ықшамауданы, 59А-үй, 43-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050059, Бостандық ауданы, Ермек Серкебаев даңғылы, 90-үй, тел. +7 701 787 66 50.

7. «KLN Project Logistics (Kazakhstan) (КЛН Проджект Логистикс (Казakhstan))» ЖШС-ның Атырау қаласындағы филиалы (БСН 040641006340) (ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, 060000, Каспий ықшамауданы, 90-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050059, Бостандық ауданы, Ермек Серкебаев даңғылы, 90-үй, тел. +7 701 787 66 50.

10. «Бақ-Мансұр» ЖШС-ның (БСН 220340030681) 2026 ж. 17 наурыздағы хаттамалық шешімімен «Бақ-Мансұр» ЖШС тарату туралы шешім қабылданды. Шағымдар газетте хабарландыру шыққан күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, 070200, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Ж.Күдерин көшесі, 54-үй.

11. «Caravan LTD» (Караван ЛТД) ЖШС (БСН 200640014171) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 127.

12. «Eldar» (Элдар) ЖШС (БСН 210540003779) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 127.

14. «TABYS consulting kz» ЖШС (БСН 190740012590) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 2/3-үй, 12-пәтер.

15. Хабарландыру «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тимирязев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 630140000043) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тимирязев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ленин негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 980440001321) орналасқан жері: ҚР, Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Ленин ауылы, Лесная көшесі, 36. таратылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Тимирязев ауылы, Валиханов көшесі, 25-үй, тел. 8 (71537) 2-15-23.

16. «ДИЛДА» ЖШС (БСН 060440005411) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ОҚО, Ордабасы ауданы, Бадам ауылдық округі, Бадам ауылы, 1 Уалиханова көшесі, 33-үй, индексі 160600.

17. «Body upgrade» ЖШС (БСН 230840006629) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 24-үй, 108-пәтер.

18. «Нұрханым» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі (БСН 171140000128) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, А.Құнанбаев көшесі, 209, тел. 87023986376.

19. «Айнур» бөбекжай-бақшасы» ЖШС (БСН 210840008007) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Иір-көл ауылдық округі, Ы.Жақаев ауылы, С.Қалымбетов көшесі 9, тел. 87471454845.

20. «Ұлдана» бөбекжай-бақшасы» ЖШС (БСН 210740022396) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Н. Түршеков көшесі, 88-үй, тел. 87753742785.

21. «Саналы ұрпақ мектебі» ЖШС (БСН 221040024490) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 11-көше, 37/3 үй, 57-пәтер, тел. 87757176767.

## ӘРТҮРА

8. Астана қаласы әкімдігінің «№ 116 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 250440020277) өзінің Астана қаласы әкімдігінің «№ 116 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 17.03.2026 жылы №107-926 қаулысының негізінде талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Мұқан Төлебаев көшесі, 3-ғимарат. Тел. 8 7172 25 25 85.

22. «Global Green Industries LLP» ЖШС (БСН 110540007631) өзінің жарғылық капиталы 200 000 (екі жүз мың) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050063, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Достық ықшамауданы, Ілтипат көшесі, 60А үй.

## МҰРАГЕРЛІК

3. 11.04.2025 жылы қайтыс болған Рыспембетова Күлтай Рысдаулетқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

9. 15.10.2025 ж. қайтыс болған Сейтжанұлы Жұмабайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

Алматы қалалық сотының басшылығы, Алматы қаласы бойынша Сот әкімшілігі департаменті мен Судьялар одағының Алматы қалалық филиалы, Алматы қалалық сотының судьясы Қарабаева Мәрия Абдудалыпқызына, оның жақындары мен туыстарына аяулы анасы

Әмина Жалалқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-көңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 Фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директорлары Кривилова Татьяна Ивановна, Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779. E-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**БАЙҚАУҒА**

1  
С.-ның дәрігерге барған сайын жанындағы көлеңкесіне жыны келеді. Себебі, қолын ербендетіп, бет-аузын қисандатып, тілін шығарып, мазақ қылып, әбден жұқарған жүйкесін одан сайын жұқартады. Емші не істесе, ол да соны қайталайды. Мойнын бұра ма, ол да бұрады. Ол жәй ғана бұрмайды, көзін бақштып, тісін шықырлатып, шекесін бұрғылайды. Онысы сен ауышсың дегені. Орнынан ұшып тұрып, қыл мойнынан қылғындырып, бұрап-бұрап жұлып алғысы-ақ келеді. Осы сәт:

–Тұрыңыз! – дейді дәрігері. – Көзіңізді жұмып, сұқ саусағыңызды мұрныңыздың ұшына тигізіңіз. – Анаған деген ашу қысып, қолы дірілдегендіктен, мұрныңың орнына құлағын ұстайды. Саусағын анаған қарай шоштитып, сес көрсетеді.

– Не көрсетіп тұрсыз? Мұрныңызға апар дедім ғой. Ұйықтап қалдыңыз ба, көзіңізді ашыңыз.

Ананы көрмейін деп әдейі жұмып алған.

– Отырыңыз! – Қолына балғасын алады. Қырсық қылғанда анаусы да қалыспайды. Ол да балғаға жармасады. Төбесінен бір қоар ма еді. Ал, балға көзіне оттай басылды. Ауылда жүргенде қора-қосынның жыртық-тесігін жамап, шарбақты қағып, қолдан түсірмейтін құралы ғой. Япыр-ай, балға да осындай кіп-кішкентай болады екен-ау. Өзі әп-әдемі, тап-тұйнақтай. Кім жасаса да шебердің қолынан шыққан. Дәрігер жанына келіп, қарап-қарап тұрды да, тізесінен бар күшімен соғып қалды. Андаусызда шоршып түсті. Мұнысы несі, ескертпей ме, өзі есерсоқтау ма, қалай? Әр жағындағысы да балға көтеріп тұр, ол ұрса тіпті аямайтын шығар. «Апа» басын қорғады.

– Басында нең бар, қолыңды соз! – емшінің шыдамы таусылған болса керек үні шіңкілдеп шықты. «Осылардың дені дұрыс емес, бас десе, құлақ дейді. Қолыңды соз деймін. Анаусы «Айтасыз-ау, шеф, есі дұрыс адам бізге келе ме?» деп кеңкілдеп күледі.

Менің екі көзім сонда. Ол менің миымды ағзып, көзімді шығарып, аямай соғайын деп тұрған тәрізді. «Оңбаған, оңашада кездессең, өлтірем» дедім ызаға булығып. Өзінің бойы бір тұтам. Мына дәрігер де бойшаң емес. Менің иығымнан келеді. Анаусы тіптен қыртыпты. Мені мазақтаған не теңің, бойыңды өсіріп алсайшы.

Осы кез шынтағымнан балға сарт етті де, ток ұрғандай орындыққа жалп еттім.

– Им.мм. әбден тоз-тоз болып біткен екенсің... Жігітім жағдайың мез емес, мен сізге рөлге отыруға рұқсат бере алмаймын. Сізге ұзақ уақыт емделу керек. Жалпы мені, емдеуші дәрігеріңіз есебінде тыңдасаңыз, бұдан былай рөлге отырмаңыз. Бұл өзіңіз үшін де, жолаушылар үшін де өте қауіпті.

– Сонда не істеймін? Әжетхана тазалаймын ба?

Анау әбден құтырды қақ артына тұрып алып, екі қолын жыбырлатып қайшылады. «Қояншық» дедім зығырданым қайнап.

– Мені тыңда, сізге тыныш жерде отыратын жұмыс керек. Жә, абыржымаңыз, қолыңызға күрек алып, қара жұмыс жасауыңызға да болады. Жүйкеңіз болмаса, басқадай денсаулығыңызда мін жоқ.

«Екеуіміз қуыспақ ойнаймыз» деді артындағысы қағаздарды аударыстырып жатып құлағыма сыбырлап, өзі дәрігер не істесе, соны істейді.

Үшеуіміз де отырдық.

– Мына дәрігерді үзбей ішіңіз. Бір жетіден соң қабылдауыма қайта келесіз.

– Менің жұмысыма жарамсыздық қағазымды қашан жабасыз?

– Жабуын түбінде жабам. Бірақ мен сізге көлік жүргізуге мүлде тыйым саламын. Басқа жұмыс ізденің.

– Сонда қандай?

Жанындағысы қолына тағы балға ұстап алған, қарасам дәрігер де балғаны

ұстап үстелді тықылдатып отыр. Басымды шайқадым. «Әзәзіл шайтан, – дедім, – сен екенсің ғой оны азғырып отырған. «Денің сап-сау деп диагноз қойып, көлік жүргізуге болмайды» дей ме? Қасындағы ана әзәзілдің көзін құртсам, мүлде басқаша сөйлер еді.

Дәрігер балғасын қойып, көзілдірігін шешіп, оны табақтай ормалымен сұрткен соң, маған сүзіле қарады. Әйнексіз көзі біртүрлі екен. Өлген балықтіңдей семіп қалған бірдеңе.

– Мен сіздің неге икеміңіз бар екенін алыдан білейін. Көше тазалаңыз, көлік жуыңыз, папка ұстап үстел басында отыратын біліміңіз жоқ шығар.

– Папка ұстап үстел басында отыратын болсам, көлік жүргізіп не әкеміңіз құны бар.

– Сау болыңыздар.

Невропатолог жан-жағына алақтап қарады да, басын шайқап:

– Сау болыңыз, келесі сәрсенбіде күтем, – деді.

С. олардан әрең құтылды. Емші жазып берген сала құлаш ішірткінің тізіміне бір қарады да, «мұны сатып алатын көк тиыным жоқ» деп жұмарлап-жұмарлап қоқыс салатынға лақтырып жіберді.

**2**

Қалалық ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің басшысы полковник Абылай Өзімханұлы Қайсенов бүкіл қаланы шулатқан дәрігердің өліміне қатысты қылмыстық істің өлі нүктеден жылжымауына алаңдаулы күйде жедел топтың жігіттерін шақырды. Олардың көбісі жастар. Мүмкін тәжірибелері жетпейтін шығар. Аңысын аңдап, өзі араласпа болмайтынға ұқсайды. Онсыз да көптеген құйтырқы істерге кірісіп кететіндіктен, әріптестерінің «жыбырламай креслосында отырса қайтеді екен» деген қаңқу сөздерін құлағы шалады. Ал жастар жағырқы ауыз ләмі басқаша. Оны белгиялық детектив Эржюль Пуароға қатты ұқсатады. Қылмысты ашқанша жаны жәй таппайды, осындай басшымен бірге қызмет жасаған біз бақыттымыз деп сыртынан мадақтап жүретіндерін сезеді. Әйтпегенде ше, өзінің жаны қалаған мамандығы жөне де әр қылмыстың артында адам тағдыры тұратыны оған маза берген емес.

Тіркесіп кірген тергеушілерге отырыңыздар деп емеурін білдірді де, қарап отырған том-том істерін ысырды.

– Ал, жігіттер, не болып жатыр өзі? Ана қаланы шулатып қоғамдық резонанс тудырған невропатологке қатысты іс не болды? Саңылау бар ма?

Кабинет ішінде өлі тыныштық орнады. Топ жетекшісі капитан Жолдас Сабырхан күмілжіңкіреп тіл қатты:

– Полковник мырза, жұмыс жасап жатырмыз.

– Оны біліп отырмын. Сол жұмыстың нәтижесі бар ма?

– Әзірге болмай тұр. Білесіз ғой қала үлкен. Ешкім ешнәрсе көрмеген, білмеген. Көрішлер бірін-бірі танымайды

– Мекемесінде болдыңдар ма?

– Ешбір ілік жоқ. Бәрі керемет. Ешкіммен ұрыс-керісі, алыс-берісі жоқ. Уақытында жұмысына келеді, кетеді.

– Криминалистік сараптама қорытындысы дәрігердің адам қолынан мерт болғанын дәйектеді ме?

– Иә, ауыр нәрсемен басынан ұрып, бірнеше жерден пышақтаған.

– Өлген дәрігер қай ауруханада жұмыс жасаған?

– Жедел жәрдем ауруханасы.

– Нешеді?

– Зейнеткер.

– Қызық екен. Жас та емес. Жақсы, орындарына барып, істеріңмен айналыса беріңдер.

Оңаша қалған полковник бұл қылмыстың мотиві не болғаны деп толғанды. Невропатолог, невропатолог... ол кімдерді емдеуші еді...

Жалма-жан ұялы телефонын алып, әйелінің нөмірін терді.

– Айша, – деді. – Саған бір сұрақ, невропатолог кімдерді емдейді? Әйелі сыңқ етіп күліп жіберді.

– Абылай, соны да білмейсің бе?



**КӨЛЕҢКЕ**

– Мен енді бәрін біле беретін дәншіпан емеспін ғой.

– Жүйке аурулары емдейді.

– Сонда есі ауысқандарды ма?

– Жоға, көбінесе ұйықтай алмайтындар, бір нәрседе қорқатын үргедектер, тіпті өрескел ашушаң адамдар да барып емделеді. Әбден жүйкесі жұқарғандар сол невропатологке есепте тұрады.

– Солай ма, рақмет, білмейді екем.

Олай болса, дәрігерді өлтірген пациенттерінің бірі болса ше?

Қаланың қақ ортасындағы ақылы да, ақысыз да емдейтін емхананың дәлізі ығы-жығы. Бас дәрігер полковникті сәл абыржулы түрмен қарсы алды.

– Қош келдіңіз, сіздің жігіттер келген сайын жағымды хабар әкелер деп үміттенеміз.

– Сізден өтініш, маған сол дәрігер емдеген пациенттердің емделу көрсеткісі бар ма?

– Сізге кофе алдырайын.

– Рақмет. Әуре болмаңыз.

– Онда, күте тұрыңыз. Өзім тауып әкелем.

– Тек мұқият болыңыз, асықпаңыз.

– Әлбетте.

Бас дәрігердің кабинеті кең. Қабырғалық жәшік ішінде аурухананың әр жақтан алған алғыс хаттары, сувенирлер. Дәрігерлік анықтама кітаптары мен түрлі брошюралар. Лездеме өткізетін ұзынша үстел мен орындық. Басы артық жинақталған қорықтар. Үнемі күн түсіп тұратын болса керек. Жарық, жылы. Арада біршама уақыт өткенде, сасқалақтап бас дәрігер кірді.

– Полковник мырза, көп күтіп қалдыңыз ба? Ол кісінің орнына жас дәрігер келген. Жастарды білесіз ғой. Міне, қарап шығыңыз.

Аурулардың емделу тарихы біраз екен. Тергеуші сыртындағы жазуына үңіліп, теренірек мән бере бастады.

Көбісі әйел. Қызық, әйелдердің жүйкесі тозығыш болады екен-ау деп ойлады. Сосын жастар. Оларға не болды екен. Қырық пен елудің арасындағы екі адамның емделу қағазына көңіл аударып, қайда жұмыс жасайды, қашаннан ауырады соны белгілеп алды. Біреуі жүргізуші С. деген. Екіншісі – жаттықтырушы. Сол екеуінен басқасы – жастар мен әйелдер.

Екі пациенттің жұмыс орындарын есіне сақтап алды. Неге екенін жүргізуші күмәнділеу көрінді. Және ол жүйке ауруларын емдейтін ауруханаға жиі жолама алған екен. Бас дәрігерге рақметін айтып, күтіп тұрған көлігіне отырған соң:

– Енді автопаркке! – деді. Автопарктің директорын бұрыннан таныттың. Дәлізде кездесіп, ашық көңілмен амандасты.

– Әбексе, жәй жүрсіз бе? – деді сактықпен.

– Қорықпа, жәй. Сізге жұмыс жасаған бір жігіт жәйлі білгім келген. Өзі соңғы кезде жүйке ауруына шалдығып, дәрігерге көп көрінген екен.

– А а, ол кім екен? Бізде жүзге жуық жүргізуші бар. Мен кадр бөлімінен сұрайын. Маған аты-жөнін айтыңыз. Сіз менің кабинетімде отыра тұрыңыз. Мен қазір біліп беремін.

Біршама уақыт өткен соң асығыс кірген директор:

– Кешіріңіз, әрең таптық. Иә, ондай адам болған.

– Болғаны қалай, қазір жұмыс жасамай ма?

– Денсаулығына байланысты көлік жүргізуден дәрігерлік комиссияның шешімімен босатылып, басқа жұмысқа, аула сыпырушылыққа ауыстырылған. Бірақ ауруы үдеп, қазір жүйкесі ауыратындар ауруханасында емделіп жатыр екен.

– Сіздерге қайдан келді?

– Бізде көбісі ауыл жақтан көшіп келгендер ғой. Ауылда бастықтың шопыры болған. Келгенде көп сөйлемейтін жігіт еді. Байғұс ауруға шалдықты. Оны мен де байқамадым. Қасындағы жігіттер осы С. өзгеріп кетті. Көп сөйлейді.

Өзінен-өзі қолын бұлғап, әлдекімдермен боктасып жүреді. Қоғамдық көлік жүргізуге мұндай адамды жіберу қауіпті. Дәрігерге көріңіз деп қоймады. Ол бармаймын деп азар да безер болды. Ақыры жедел жәрдем шақырып, невропатологке көрінуге мәжбүрлеп көндірді.

– Отбасы бар ма?

– Бар. Жақында жатақханадан екі бөлме алып бердік. Енді үй жалдайтын ақшалары жоқ. Үй иесі ауырған соң, қиын ғой.

– Әйелі қайда жұмыс жасайды?

– Ол да осында. Билет тексереді.

– Әйелімен сөйлесуге бола ма?

– Қазір сұрайын.

Директор телефонмен сөйлесті де:

– Өкінішке қарай, бүгін үйінде екен. Демалысы болар.

– Мекен-жайын айтасыз ба?

– Әрине, – ол тағы звондап, бір тілім қағаз алып жазды да, тергеушіге ұсынды.

– Жақсы. Рақмет.

\*\*\*  
Жұмысшылар жатақханасы заманауи жөндеуден өткен болса керек. Сыртқы есігінен бастап жинақы, тазалық сақталатыны сезілетіндіктен, тергеушінің көңілі сергіп қалды. Көп жатақханаға қарағанда тәуір. Іздеген пәтері де бірінші қатарда. Домофон тетігін басқанда, жас әйелдің кім екен деген дауысы естілді.

– Тергеушімін, ашыңызшы.

– Тергеуші? Қызық екен, – тетік тырс етіп, есік ашылды. Пәтерінің есігін айқара ашып, антарыла қараған әйелге:

– Саламатсыз ба, ескертпей келгенім үшін кешіріңіз.

– Оқасы жоқ.

– Менің сізге біреу сұрағым бар еді. Жолдасыңыз жәйлі.

– Оған не бопты? – Әйел шошынды.

– Ауруханадан қашып кетіп пе?

– Ауруханадан қашатын әдеті бар ма еді?

– Жоға. Өлгі елесін қуып жүріп, бір нәрсеге ұшырамаса, ауруға шалдыққалы «көлеңке» деген біреумен жау болды. Айтпақшы, сіз сол туралы келген шығарсыз. Ол дәрігердің өлгенін білмейді. Сол бағыт «көлеңкесін» өлтірем деп сандырақтайды.

– Қашанан бері ауырады?

– Бір жыл болып қалды. Бұлай болғанда ауылдан көшпейтін едім. Қайдан білейін.

– Бұрын мінезі қандай еді?

– Қой аузынан шөп алмайтын жуас. Көп сөйлемейтін. Біреулер мың сөйлегенде, ол бір ауыз сөз айтпайтын. Қайдан білейін, неден тап болғанын. Баксыға да, балгерге де көрсеттім. Емін таппады ғой.

– Ал, көлеңке дегенді қайдан шығарды?

– Білмеймін, дәрігерге барса, оның көзіне жың-шайтан елестей ме, оның қасында «көлеңке» жүр, ол мені өлтіреді. Одан бұрын мен оны өлтіруім керек дейтінді шығарды. Ұрсам. Ол кім деймін. Айтпайды. Сосын дәрігерін өзгертепкеші болдым. Жоқ. Мен оны қорғауым керек. Әйтпесе, ана көлеңке оны өлтіреді деп көнбей қойды. Дәрігерін жақсы көретін.

– Солай деніз, күйеуіңіздің үйден шығып, олай-бұлай кетіп қалатын әдеті жоқ па?

– Атаманыз. Жалғыз жібермейміз. Адамға үйді таба алмайды. Қызым мен ұлым бар. Үшеулеп бағамыз. Оның адамға зияны тимейді. Осы көлеңке деген бөле болды. Қайдан шығарғанын білмеймін. Ергелі-кеш мен оны өлтірем. Мен өлтірмесем, оны өлтіреді дейді.

– Онысы кім?

– Дәрігері.

– Күйеуіңіздің адам өлтіруге шама-сы келе ме?

– Ол адам өлтірмек түгілі, тышқан мұрнын қаната алмайды. Сол мейірімділігінен тапты осы ауруды. Кісіні аяғыш.

– Дәрігерлер не айтады?

– Жазылады. Ұзақ емделу керек дейді. Олар да сол «көлеңке» дегеніне таң қалады.

– Жақсы, айып етпеңіз, жолдасыңыз тез сауығып кетсін.

\*\*\*

Жолда тергеуші «көлеңке, көлеңке» деп бірнеше рет қайталады. Дәрігердің қасында кім болуы керек?! Тағы Айшаның көмегі керек. Кешке дейін шыдамы жетер емес. Телефонын терді.

– Айша ханым, мазалағаным үшін кешір. Маған айтшы, ауруларды қабылдаушы дәрігердің жанында тұрақты түрде кім болады?

– Өлгі невропатологке қатысты тергеу ме?

– Иә, сол ғой.

– Дәрігердің жанында мейірбике немесе мейіргер-медбратты солай атап жүрміз, тұрақты түрде болуға тиіс. Олар әр аурудың емдік кітапшасын тауып береді. Дәрігердің ауруға берген дәрілерінің ішірткісін жазады. Рентгенге, басқа дәрігерлерге жолдама жазады. Вообщем, дәрігердің оң қолы.

– Солай ма, әйелімің дәрігер болғаны қандай жақсы.

Зияш ТЕЛЕУОВА

(Жалғасы бар)

**ЗАҢ газеті**

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6565 дана**  
**Апталық таралым 13130 дана**

Тапсырыс №942 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жар